



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казакский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university after Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

Қазіргі заман: пікірлер әлемі философия Альманахы
«Философия ғылымдары» сериясы
Философский Альманах современность: мир мнений
Серия «Философские науки»
A series of «Philosophical»
Philosophical Almanac modernity: global sentiment

№ 3-4 (79-80), 2020

Алматы

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university after Abai**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**Қазіргі заман: пікірлер әлемі философия Альманахы
«Философия ғылымдары» сериясы
Философский Альманах современность: мир мнений
Серия «Философские науки»
A series of «Philosophical»
Philosophical Almanac modernity: global sentiment**

№ 3-4 (79-80), 2020

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚА:

Симтиков Ж.Қ. – с.ғ.д., профессор (бас редактор);
Құсайынов Д.Ө. – филос.ғ.д., профессор (бас редактордың орынбасары);
Абеуова Ш.Қ. – филос.ғ.к., доцент (жауапты редактор)

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚА МҮШЕЛЕРІ:

Сәбит Мұрат – филос.ғ.д., профессор,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері
Ғарифолла Есім. – филос.ғ.д., профессор, ҚР
ҰҒА академигі;
Құлсариева А.Т. – филос.ғ.д., профессор,
ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті (Абай атындағы ҚазҰПУ);
Сейтахметова Н.Л. – филос.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті
(ҚР ҰҒА ФСЖД институты);
Құрманғалиева Ғ.Қ. – филос.ғ.д., профессор «Әл-Фараби» жур. бас ред.,
(ҚР ҰҒА ФСЖД институты);
Қайырбекова А.Ғ. – филос.ғ.д., профессор (Құрманғазы атындағы ҚҰК);
Халықов Қ.З. – филос.ғ.д., доцент (Т.Жүргенов атындағы ҰОА);
Аташ Б.М. – филос.ғ.д., доцент, (Абай ат. ҚазҰПУ);
Избайыров А.К. – т.ғ.д., (Абай ат. ҚазҰПУ);
Рау И.А. – филос.ғ.д., профессор (Берлин, Германия);
Лобастов Г.В. – ф.ғ.д., профессор (Мәскеу, Ресей);
Тоғусақов О.А. – филос.ғ.д., профессор,
Қырғ. ҰҒА корреспондент-мүшесі (Бішкек, Қырғызстан);
Томски Г. – профессор, Халықаралық «Конкорд» академиясының Президенті
(Франция)

ҚОҒАМ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ САЯСАТ ОБЩЕСТВО, КУЛЬТУРА И ПОЛИТИКА SOCIETY, CULTURE AND POLITICS

МРНТИ 02.1121

Мейрманов А.Д.
ҚазҰПУ аға оқытушысы

Қазақ этикасының төлтумалығы мен рухани бастаулары

Аннотация: Мақалада қазақ философиясы тарихындағы этиканың теориялық негізі мен практикалық қырлары Қ.А. Ясауи рухани мұрасы негізінде герменевтикалық тұрғыда талданады. Ұлттық этиканың төлтумалық ерекшеліктерімен қатар заманауи өзектілігі жан-жақты ашылады.

Аннотация: В статье анализируются теоретические основы и практические аспекты этики в истории казахской философии на примере духовного наследия Х.А.Ясави. Рассматривая самобытность национальной этики, подробно раскрывается ее современная актуальность.

Resume: The article analyzes the theoretical foundations and practical aspects of ethics in the history of Kazakh philosophy on the example of the spiritual heritage of Kh.A. Yasavi. Considering the originality of national ethics, its modern relevance is revealed in detail

Этика ұғымын - бірлесіп өмір сүруге топтасқан қауымның адамгершілік ұстанымына және қоғам қарым-қатынасын реттейтін, бірлесе тіршілік жасау тәжірибесіне құрылған өмір салты мен құқықтық кеңістігі деп түсінуге болады. Осы тәртіп жүйесінің заңдық, құқықтық тұрғыдан негізделіп, реттелуі күнделікті тіршіліктің қажеттілігі болып үнемі жүзеге асып отырады және бұл оның сыртқы көрінісі. Ал, адамдардың ар-ожданы мен жүрегіне жол тауып орнығатын, уақыт пен мекен кеңістігін ізгілікке ұмтылатын бақилық мәнді мұрат ауқымымен еңсеретін және рухани құндылықтар жүйесін қалыпташтыын этикалық ұстындарды рухани мұралардан бағамдаймыз. «Ізгілік», «ізгілікке ұмтылу» ретінде анықталатын этиканың басты сипаты теориялық тұрғыда Аристотель тарапынан айқындалған. «Ізгілік жанда болғанымен жан үшін әрекет те, ізгілікті қолдану да маңызды, жанның мақсаты осы әрекет пен пайдалану. Бақыт деген ізгілікке сай өмір сүру. Сонымен бақыт – ең басты ізгілік болғасын және ол – мұрат болғасын, мұрат әрекет арқылы жүзеге асатын болғасын, ізгілікті өмір сүре отырып, біз бақытты және басты игілікке ие бола аламыз» [1, 254-255б.]. Этиканың адам жанын ізгілендіру, жақсылыққа баулу, әдептілік тәрбиесін сіңіру, тұрғысында практикалық қызметі бой көрсетсе, діни-шариғи (яғни құқықтық), діни рухани, әдеби мұралар, салт-дәстүр арқылы әдеп жүйесін қалыпташтыын ақлақтық теориялық қызметі жүзеге асады. Ал, адам бойындағы қайырымдылық пен зұлымдықтың, жомарттық пен сараңдықтың, ерлік пен ездіктің, қанағат пен тойымсыздықтың, сабырлылық пен төзімсіздіктің қайнаркөздері мен табиғатын, қайшылықтары мен ымыраласар орта шамасын зерделеудің қажеттілігі де бар. Бұл пайымдау этиканың негізін құрап, теориялық толғаныстарға өзек болған.

Қазақ философиясы тарихындағы этиканың теориялық негізі нақтылы рационалды тұжырымдамалармен баяндау қалпында болмаса да жазба және ауызша мұраларда, тарихи жәдігерлерде рәміздік астарлы қалыпта, обазды бейнелі тілде таңбаланып, мәдени қабаттарда, сананың архетиптік қатпарларында орын алған. Қазақ дүниетанымында этиканың практикалық тағылымдық мән-мазмұны осындай төлтума табиғи қалпында, мол ұлттық рухани мұрасында толыққанды қалыптасып, ұлттық салт-сананы мағынауи байытатын аксиологиялық қызметін жан-жақты атқарып келген. Сондай-ақ, өзінің сабақтастығын түркілік кезеңнен, тіптен бағзы замандардан тартып, қазақ рухани әлеміндегі өзіндік таңбасын қалдырған. Осы этикалық тағылым бүгінгі қазақ философиясы тарихының өзекті тақырыбына айналып отыр.

Діни ілімнің қоғамда атқарып келген реттеушілік қызметі қоғам тұрақтылығын қамтамасыз ету болса, рухани мәні – адам жанының қажеттілігін іздеу нәтижесінде рухани кемелдіке жетуіне бағдар беру. Рухани кемелденудің алғышартының бірі – жан тазалығына қол жеткізу болғандықтан, кемшілікті өзгеден іздемей, өз бойыңнан тауып, өзіңе сын көзбен қарау алдыңғы орынға шығады.

Демек, қоғамды яки, адамды түзетемін деумен өз мініңді ұмыт қалдырмай, өз дертіңе дәру іздеу, «өз бойыңдағы тікенді ауыртсаң да өзің жұлуың» - өзгенің бойыңдағы кемшілікке кешіріммен қарауға әкеледі. Өз бойыңда қате-кемшілікті танып білу мен жөндеудің қиындығын түсінгенде ғана өзгенің қатесіне түсіністікпен қарау, жанашырлық, сүйіспеншілік сезімі пайда болады. Бұл ұстаным діннің басты этика-гносеологиялық қағидаларының бірі. Себебі, «өзіңді өзің таны» тезасының ақылақтық ұстаныммен ұштаса отырып, адамды рухани-адамгершілік кемелденуге бағыттауы тазарудан, арылудан басталады.

Дінтану ғылымында «Діннің реттеушілік функциясын - белгілі бір идеялардың, құндылықтардың, көзқарастардың, стереотиптердің, әдет-ғұрыптардың, салт-дәстүрлердің, институттардың көмегімен жеке тұлғалардың, топтардың, қауымдастықтардың іс-әрекеті мен қарым-қатынасын, санасы мен мінез-құлқын басқару» [2, 65б.] деп қарастыратыны белгілі. Демек, діннің осы реттеушілік қызметін оң ниетпен бағыттай білу қоғамды тұрақтылыққа әкелуге тиісті. Алайда, дінді идеологиялық құралға айналдырып, теріс пиғылдарына сай қоғамда үрей тудыруға бейілді, іріткі салу арқылы адам санасына ықпалын күшейтуге, өз көзқарастарын таңуға мүдделі топтардың бүгінгі таңда көбейіп отырғаны жасырын емес. Олар көпті тобырлық күшке айналдырып, басқаруға ниетті. Бұл ниетті жүзеге асырудағы негізгі оңтай – адамды өз мінін көрместей көр соқыр сенімнің құлына айналдырып, күнә кемшілікті өзгеден ғана іздеуге баулу. Сондықтан да, өз бойыңдағы мінді көрмей, өзгенің қателік кемшілігін көруге, оны діни өлшемдермен безбендеуге бейім адамның, түбінде дінді теріс мүдделерге пайдаланатын жат пиғылды топтардың жетегіне ілесу ықтималдығы жоғары. Оған керісінше, қоғамда бар дертті өзгенің бойынан ғана көрмей, өз бойынан да тауып, одан арылуға ұмтылған адамның әрекеті жалпы қоғамның да сауығуына әкелері анық. Қоғамдағы, өмірдегі келеңсіздіктерге себепкерді сырттан іздеп, оны жау тұту, адамның өз кемшіліктерін көруіне бөгет болады.

Дінді теріс идеологиялық құралға айналдыруда осы - жау бейнесін жасау арқылы қоғамды жіктеу, адамдарды өзара ымырасыздыққа итермелеу әдісі қолданылады. Демек, діннің реттеушілік қызметін оң ниетпен пайдаланумен қатар, теріс пиғылда қолдану мүмкіндігі де бүгінгі күннің шындығына айналды. Ал, бүгінде жаһандану үдерістерімен ұштаса келген, ақпараттық майданның өршіп тұрғаны құпия емес. Бұл ақпараттық соғыстың көздер нысанасы адамның жан дүниесін, жүрек қазынасын, иман байлығын тонап, саудаға салу екендігінің дәлелін күнделікті өмірден де, соғыс ошақтарындағы қайғы-қасіреттен де көріп отырмыз. Ал, осы қауіптің алдын-алу немесе қарсы тұрудың бірден-бір жолы бұл - діннің рухани мәнін танып білу арқылы және адам ой-санасының дертінен сақтайтын антивирусты немесе ішкі қорғаныс қабілетін күшейту болып табылады. Демек, дінді идеологиялық құрал демей, адамның Хаққа жақындау жолындағы ынтық сезімін қанаттандырып, ыстық ықласын бағыттап, шын мәніндегі ышық сезім кемел махаббатқа айналдыратын қасиетті ілім деп білген рухани тұлғалардың үлгісі нағыз этикалық ғибрат. Адамның жан дүниесінің тепе-теңдігін, ішкі үйлесімі мен тұрақтылығын қалыптастыратын және қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ететін, тыныштық пен бірлікке әкелетін қуат көзін Ясаудің этикалық идеяларынан табамыз.

Ясауи мұрасының басты сипаты – оның әмбебаптығымен көрінсе, бұл әмбебаптық - Ясауи қалыптастырған этикалық ілім жүйесінің адам жанының жебеушісі бола алатындай қай заманның қауіп қатеріне болсын қарсы тұрар қасиетімен анықталады. Рухани, мәдени мұраларды тарихи салыстырмалы тұрғыдан зерттеу арқылы, қазақ қоғамының тарихи-өркениеттік дамуындағы рухани дәстүрдің сабақтастығын және Ясауи қалыптастырған этикалық құндылықтардың қоғамды тұтастырушылық орнын анық бағамдауға болады.

Бастауында Қ.А. Ясауи тұрған түркілік сопылық мектеп, «Иман - шарифат, мәні – тариқат» деген қағидаға сай, Пайғамбар үлгісін негізгі танымдық- құндылықтық, этикалық өлшем ретінде ұстанып, Алла Тағаланы оның аяттары мен сипаттары арқылы зерделейді. Дәруіш – танымдық жолдағы ариф – ол «Шарифаттың» шапанын киіп, «Тариқаттың» пырағын тізгіндеп, «Марифаттың» тереңіне бойлауды, «Ақиқаттың» дүр-жауһарын, яғни, діннің ішкі мәні - саф ілімді иеленуді мақсат етеді. Демек, сопылық тәжірибе бұл – діни, рухани, этикалық тәжірибе. Ол мұсылмандық қағидаларын бекем ұстана тұрып, оны өзінің және қоғам өмірінде жүзеге асыратын рухани-танымдық, этикалық-дегдарлық, жеке тұлғаның рухани-адамгершілік кемелденуі жолындағы тәжірибесі. Әрекеттің әдетке, әдеттің әдепке, әдептің тағдырға айналуына байланысты ертеден келе жатқан даналық тәмсіл бар. Көрнекті шығыс ғұламасы Мәуленә Жәлеладдин Руми былай дейді: «Әдеп Құдай нұрынан берілген бір тәж екен. Сол тәжді киіп, бар бәледен аман бол!.. "Кімде-кім әдептен нәсібін алмаған болса, ол адам емес. Өйткені, адам мен хайуанның арасындағы айырмашылық, ол - әдеп. Көзіңді ашып, Алланың кітабы Құран Кәрімге абайлап қара! Оның аяты әдеп екендігін көресің" [3, 102б.]»

Қожа Ахмет Ясауи этикалық идеяларының қазақ ұлттық этикасының қайнар көзі ретіндегі маңызы мен мәнін ашудың өзектілігі зор. Ясауи ілімінің жалпы адамзаттық рухани дәстүр ауқымындағы, сондай-ақ ислам мәдениетіндегі орны мен өзіндік төлтума ерекшелігін бағамдау да маңызды. Қазақ этикасын қалыптасқан ұлттық әдеп жүйесін зерттейтін философиялық пән тұрғысынан қарастырсақ, бұл ұғымның бүгінгі қазақ қоғамдық-гуманитарлық ғылымында «ақылақ», «мораль», «адамгершілік» ұғымдарымен қатар, ұласа қолданылып жүргенін және оларға әртүрлі анықтамалар берілетінін білеміз. «Этика» термині ежелгі грек тілінде «бірлесе өмір сүруші адамдар тобының мекен-жайы» дегенді білдіреді, кейін әдеп туралы ілім мағынасына ие болды» [4, 429б.]

Ясауидің хәл ілімінің рухани жалғастығын ар ілімі деп аталған ар-ожданды сауықтыру үлгісімен жалғастырған Шәкәрім Құдайбердіұлының: «Сөзінді түзе - әдетіңе айналады, Әдетің - мінезіңе айналады. Мінезің - сенің тағдырың» - деген сөзі бар. Рухани адамгершілік кемелдену жолындағы рухани тәжірибе ретінде қарастырсақ сопылық - сананың қас-қақпайтын сергектігін сақтап, үнемі қорқыныш пен үміттің ортасындағы ыстық махаббатпен, жаңылмас тәубе-тауфиқпен, тынбастан Алла жадын зікір етумен, риясыз құлшылық-ғибадатпен, жоққа қанағатпен, қиыншылыққа сабырмен ғұмыр кешудің, яғни, ақлақтық-этикалық дамудың үлгісі.

Әдептілік – тәрбие арқылы қалыптасқан, қоғамдық қатынастағы ынсап шегінен шықпаумен, өзгемен санасумен, өз намысын қорғау, өзгенің намысын құрметтеумен, сыпайылықпен, кішіпейілдікпен сипатталатын адам бойындағы қасиет. Діни танымда әдеп – көркем мінез сонымен, қатар тәрбиеге сай ұстаным мағынасында қолданылады. Ислам іліміндегі әдеп діннің ажырамас бөлігі және ақлақтың бір көрінісі. Ақлақ та діни сенім негіздері, ғибадат сияқты Ислам ілімінің негізгі ұстанымының бірі. Этиканы іштей теориялық және практикалық этика деп бөліп зерттейтіні белгілі. Осы тұрғыдан Ясауи этикасын практикалық деп қарастыруға болады. Этика сөзінің мағынасын беретін балама ұғым ретінде Исламдағы «Ақлақ» сөзін де қолданамыз. Бұл жаратылыс мағынасын беретін «халқ» түбірінен шыққан хулук сөзінің көпше түрі. Адамның табиғатында бар және тәрбие жолымен жетілдірген рухани жағыдайының көркем мінез, нәзік сезімталдық, жомарттық, тақуалық, дегдарлық, сияқты ізгілікті қасиеттермен көрініс беруін «ақлақ» деп атасақ болады. Көрнекті тасауф ғұламасы имам әл-Ғазали әдеп жайлы: «Көркем мінез – елшілер мырзасының сипаты, шыншылдар амалдарының абзалы, тақуалардың тер төккен еңбектерінің жемісі, Аллаға құлшылық қылған пенделердің ризалығы. Дәлірек айтқанда, жақсы мінез – діннің бөлігі» [5,55б.] деп түсіндірген

Адамның рухани-интеллектуалдық кемелденуін мұрат еткен жалпы сопылыққа тән басты ұстаным, бұл - исламдық шариғат шартарын бұлжытпай ұстанумен, сонымен қатар, арифтың танымдық мүмкіндіктерін ислами аксиологиялық-құндылықтық жүйесі мен этикалық ғибраттану аясында жүзеге асырумен ерекшеленеді. Түркілік сопылық мектептің Ясауи қалыптастырған, далалық демократияға, көшпенді тұрмыс салтына, дүниетанымына сай өзіндік төлтума табиғаты бар. Тассауф ілімнің орталық өзегін құрайтын тақырыбы адам десек, сол адам мәселесі Құранда кеңінен қамтылған. Адамның өскелең рухқа, иман қазынасына ие болуы, сол рухын өсіріп, иманын сақтап байыту үшін оған ақыл, ой-сана берілуі - оның жауапкершілігі зор жаратылыс екендігін және осы жауапкершілік оның ақлақтық-этикалық тағайындылығын айқындайды. Хикметтерде әрдайым адамды ізгілікке ұмтылуға, терең ойлауға, танымдық ізденіске, тазалыққа үндейтіндігін «Менің хикметтерім – Алладан пәрмен, Оқып, ұққанға бар мағынасы: Құран» [6,429 б.] деген шумақтар да дәлелдейді.

Таныммен өркендеп, сеніммен тереңдейтін өскелең рухтың иесі адам – ізгілікті қалап, өзінің рухын өсіруге мүдделі саналы болмыс. Сондықтан оның білуге деген құштарлығы табиғатында бар. Егер адамның рухын дараққа баласақ, онда оның жер бетіндегі көкке бойлаған бөлігі танымға ұмтылған, ақылды азық қылған рухтың өскелең кейпін бейнелесе, тылсымнан нәр алуға бойлап, тереңдеген тамырды да рухтың түпбастаудан, сенімнен нәр тартқан ізденісіне балауға болады. Бұтақтардың көкке өрлеуіне себеп - күннің сәулесі болса, рухтың өркендеуіне себеп - Хақтың нұры. Тамырға нәр беретін құнар – жердің қуаты, минералдар десек, Рух тамырына құнар – жүрек тереңіндегі сырлар, рухани дәстүр, әулиелердің үлгісі, иманның қуаты деуге болады. Сол құнарды ерітіп тамырға сіңіретін су сияқты қызметті –зікір ғибадаты атқарады. Адамның рухы өскенде көкке өрлеуімен қатар, тереңге де бойлауы табиғат заңына ұқсайды. Осы тұрғыдан танымның негізгі екі бастауы бірі – тафакур (фікір), екіншісі – зікір дегенде, фікір ілімге ұмтылыспен сипатталса, зікір өз жанының тереңіне бойлау арқылы инсанның рухтар әлемінде көре тұра, фәни дүниеде ұмытқан ақиқаттарын еске түсіруі деуге болады. Зікір ізденісін бағыттайтын Құран, Алла болса, фікір ізденісі әрбір жаратылысты кітап ретінде Алла аянының бастауы деп оқуға бағытталады.

Ал адам болса әмбебап құбылыс, оның бойында рух та, әлем де сиғызылған. Әлем – макрокосм, адам – микрокосм. Адамның рухын өсіруге мүдделілігімен оның жауапкершілігі айқындалса, адамның

өз жанын ізгілендіру, тазарту, игілікке бөлеуге деген ұмтылысы осы жауапкершіліктің этикалық мұраттарын құрайды. Мысал қылған, дарактың бүр жару, жапырақ жаю, гүлдену, жеміс беру, сая болу, құнарға айналу, т.б. толып жатқан тіршілік, даму әрекеттерімен бейнелеп, жалпы этиканың игілікке ұмтылу, құндылықтарды қалыптастыру, ізгілікке тәрбиелеу, сұлулыққа баулу мақсатын және Игілік бастауымен қатынасын түсінуге болады.

Адам Алланың барлық сипаттары көрініс тапқандықтан әлемнің кішірейтілген түрі - сондықтан ол кішкене әлем (микрокосм) деген көзқарас антикалық философтар тарапынынан қарастырылған және жалпы Ислам иллаһиатын зерттейтін ғұламаларға да ортақ таным. «Өзіңе көңіл көзімен жақсылап назар сал сен кішкентай әлемсің, сен Әлемнің көзінің қарашағы болған адамсың» деген Жәллезддин Румидің сөзі: қоршаған дүниені көздің қарашығына сыйғызғанындай, адамның рухани және материалдық әлемді ақыл аясына сыйғызар танымдық әлеуетіне ишаралайды. «Оның ет пен сүйектен тұратын бойында иләһи көріністердің сырлары, нұрлары мен ақиқаттары жинақталған. Ол - осы қасиеттердің мекені және жаратылыстың ғажайыбы, әлем кітабының мазмұны мен беташары. Аллаһ Тағала - Жәмиүл эздад яғни оның бойында қарама-қайшылықтар біріккен. Біз де заттар, оқиғалар мен құбылыстарды тек қайшылықтары арқылы түсінеміз. Жақсылықты білу үшін жамандықты, әдемілікті білу үшін жаманды, дұрысты білу үшін бұрысты және иманға қауышу үшін күпірлікті білуіміз керек». [3, 70б.]

Хаққа деген махаббаттың үддесінен шыққан шын ғашық Тәңірінің сүйген құлына айналады. Адамның Алла махаббатының басты нысаны болуы себепті жаратылған жанды жансыз заттардың баршасы сүйікті құлға айырықша құрмет көрсетуге тиісті. Оның тәні топырақтан жаратылуына байланысты, Адам уақыт жағынан ғалам жаратылысынан кейін жаратыла тұра оған Хақ тағала өз рухынан үргендіктен, ол жалпы жаратылыстың мақсатты себебі, бүкіл жаратылыс үшін - алғы себеп. Тәні топырақтан жаратылып тіршілігі табиғатқа тәуелді бола тұра, адам ғаламның асыл гауһары, өз бойына ғалам құпиясы сидырарлықтай мөлтек ғалам (микрокосм).

Қожа Ахмет Ясауи өлім, дүниенің жалғандығы, ақырет, қиямет, періштелер махшар, сират, жұмақ пен тозақ сияқты діни ұғымдарды тек шарифат деңгейіндегі діни білімді уағыздау үшін насихаттап, адамдарды тәуба тауипыққа шақырумен шектеліп қалмайды. Осы ұғымдардың астарлы сырларына терендеп, адамның жан дүниесіне әсерлі рәміздік-образдық тілде, моральдық-этикалық ғибратымен жеткізуге ден қояды. Адамның о бастағы түпкі этикалық мұраты - инсаяттың кәметтігіне жету болса, ол үшін шәкірт рухани интеллектуалдық жетілуге, жүрегіне пәк махаббатты, таухид мақсатты орнықтырып, дидар талапты мақсат етуге тиісті деп біледі.

Сопы шығармашылығындағы ақлақтық құндылықтар жүйесі түркі исламдық дүниетанымда өз сабақтастығын үзбей жалғастық тапқан Матрудилік ақиданың иман шарттарына логико-гносеологиялық берік негіз ретінде сүйеніп, көзсіз догманың қасандығынан жоғары тұрған. Кейінгі қазақ топырағындағы ғұламалардың шығармашылығындағы этика-дидактикалық мазмұндағы ой-пайымның өз бастауын Қ.А. Ясауиден алып, жалғастық табуы осы негізбен байланысты. Себебі, иман шарттары аксиологиялық құндылық ретінде қалтқысыз сенімді қажет етеді. Адамды жаратылыстың мақсатты себебі ретінде танығаннан бастап, иманды ақыл қисынына сәйкес, логика-гносеологиялық тұрғыда терендеп түсінуге боларын байқаймыз. Бұл қарапайым сенім иесінің емес, хикметтерде жиі айтылатын «ариф-ғашықтың», таным зердесі қырағы, мағрифат ілімін қалаушының үлесі. Матруди сенім ақидасын этикалық категория деп қарастырсақ, осы сенім ақидасын ілім алуға негіз, іргетас ретінде бекіту медіресе есігін ашқан әрбір шәкіртке міндетті болғандықтан, олар сабақтарын иманшартты жаттаумен бастаған. Осы иман негіздерін ғұмыр бойғы жиған біліміне, жеткен іліміне, өмірлік тәжірибесіне іргетас қылған. Бұл әрбір адамға этикалық ұстанымына берік болып, кез келген оқиғаға, сын қатерлерге төзімді өзіндік көзқарасы қалыптасуына мүмкіндік берген. Ал, ішіндегі суырылып шығып мағрифат іліміне қол жеткізгендері кемел шақтарында «Иман шарттарын» өз көзқарастарымен, өз діни және этикалық тәжірибесі ретінде қайта жазған. Бірақ, Матрудилік сенім негіздерінен қылдай ауытқымай рухани сабақтастықты сақтауды басты шарт деп белгілеген. Мысалы осылардың қатарында: Абайдың 38 қарасөзі, Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты», Ы. Алтынсариннің «Мұсылманшылық тұтқасы» т.б. шығармаларды атауға болады.

Діни сенімде иманның шартына сәйкес періштелерге сену, қиямет күніне сену, махшарда тіріліп жауап беруге сену аксиологиялық құндылық ретінде, күмәнсыз нануды қажет етеді. Адамның өлуімен байланысты бұл дүниеден өткен соң қабір әлеміне қадам басуымен, жан алғыш, жауап алғыш, обал-сауап, жақсы-жаман істі тізуші т. б. періштелерге, қабірдегі, қиямет күніндегі жағдайлардың бәріне сенуі кәміл мұсылман үшін қорқыныш шақырар эсхотологиялық сарындағы білім. Ал, сопылық танымға сай періштелердің және тозақ пен жұмақтың, рухани әлемдегі о дүниедегі барлық нәрселерінің

жазалаушы, сараптаушы т. б. қызметтеріне сай өздеріне тән ұлық дәрежелері бар. Ариф оған сеніп қорқа тұра, қорқыныштан да жоғары сүйіспеншілік сезімінің заңдылығына сай хикметтерде инсанияттың кәмелеттігіне жеткен адамның ариф ғашықтың, алдында олардың барлығы кішік екендігі сипатталады. Себебі, бүкіл жаратылыстың өзі, рухани және материалдық әлем кемел Адамның құрметіне, Мұхаммед пайғамбардың нұрынан жаратылған дүние ретінде қарастырылады. Адам орталық тұлға ретінде оған ғана тән басты қасиеті - хақты сүю арқылы Алланы тану мүмкіндігімен бүкіл материалдық және рухани әлем жаратылысынан бірінші орынға шығады. Махаббаттың мәні бірінші орынға шығуымен және оның нысаны Адам мәселесі басты болғандықтан, ғайып дүниедегі бас көзімен көре алмайтын бірақ, жүрек арқылы сенетін нәрселерінің барлығы, яғни, періште, қиямет, қабір, жұмақ, тозақ т.б. діни-эсхотологиялық ұғымдар этико-дидактикалық ғибраттық маңызы бар дүниеге айналады. Себебі, ізгілікке ұмтылу – этикалық мұрат – қорқынышпен бағынудан емес, сүйіспеншілікпен жақындыққа талпынудан туады.

Гносеологиялық тұрғыдан ғайып дүниенің, көзге көрінбейтін рухани әлемнің кемел адам алдындағы кішіктігі, оның алдында бас иуі жайлы Ясауи хикметтеріндегі сыр жай адамға белгілі емес батини (ішкі көзі) көзі ашылған, рухани кемелдікке ие адамға ғана белгілі деп сенген. Сондықтан, Қ.А. Ясауидің рухани тұлға ретіндегі хикметтерінің, ол туралы аңыздардың, артында қалған тарихи мәдени ескерткіштерінің этикалық ғибраты бұлжымас сенімге құрылған және ол адамдардың жүрек танымына бағытталған айырықша интуитивтік практика. Жетпісінші хикметте ариф ғашықтың қиямет күніндегі халін суреттейді. Хикметтердегі баяндаулар бойынша «ғашық «рақс самағ ұрар» дейді. «Рақс» би десек «самағ» зікір әуені деп түсінсек бұл қарапайым би мен әуен емес. Зікір кезіндегі мистиктің экстаз күйіне, ерекше халге енген кезіндегі рухани ләззәт пен ғаламның айырықша үйлесімін сезіну сәтіндегі ерекше биі мен әуезі. Хикметте былай баяндайды: «осы би мен әуездің ғаламат қуаты сондай жер тебіреніп, бүкіл жеті көктегі періштелер жиылып келеді, ғаршы-күрсі, лаух-қалам тітіреп, сопы әуезіне елтіп хаққа қарап, зарлап жылайды, хақтан медет тілейді. Ғашық құлдар Пейішке кірмей тұрып хақ дидарын көреді. Періштелерге әмір келеді. Дидар үшін күйген ғашықтарда көпке мағлұм қылу үшін, алқаға сапқа тұрғызып құрметпен махшар майданына алып жүріңдер дейді. Шын ғашықтар махшарда дәурен сүреді, аһ ұрған деміне жеті тозақтың оты түріледі, періштелер оған келіп тағзым етеді. Періштелердің де ғашықтығы осал емес, олар бір аһ ұрса әлем зілзабар тартып ойран-асыр болар еді. Бірақ, сондай періштенің өзі шын ғашық кемел адамның айбарынан қорқып, оның ғашықтық отынан қашып, тозақ оты ішіне барып пана табады. Оның ғашықтығын көріп зауық уын ішеді». Хикметтерде Хаққа деген махаббаттың оты жеті тозақ отынан қуатты деп жиі айтатына қарай отырып, хаққа махаббатты сопының аса жоғары бағалағанына қарап, бүкіл ғалам, ғаршы-күрсі, лаух- қалам, тозақ және жұмақтың жаратылуына басты себебі Алланың адамзатқа және сол адамзаттың ішіндегі досы Мұхаммед пайғамбарға махабаты деген сенімін көреміз. Демек, сопы шарифаттағыдай қарапайым деңгейдегі діни уағыздың ауқымынан асып, мәңгілік бақыт, айырықша ләзәтті шақ - дидар талапқа жетуді Хақтың уәдесі және ерекше этикалық мақсат мүдде деп біледі.

Адамзат тарихында Алла, әлем және адам туралы танымдық объект ретінде ой толғаған адамның рационалды интеллектуалдық тәжірибесін философия тарихынан көреміз. Сопы ғұламалары үшін, адамның жаратылыс сыры, оның болмысы, өмірінің мәні мен мағынасы, әлемдегі орны, тіршіліктегі мақсаты не? – деген көптеген сұрақтарға жауап беретін адам болмысын тұтастай жинақтап қарастырған кітап Құдайдың кәләмі деп танылатын Құрани кәрім. Қазақ философиясы тұрғысынан ұлттық этиканың түпбастауын рационалды түрде зерделегенде сопылық әдебиеттегі ирроционалды танымның нәтижесі ретінде ұсынылған астарлы мазмұндағы хикметтерді герменевтикалық тұрғыда бағамдаудың маңызы зор.

Адам өмірінің мәні, тіршіліктегі мақсаты жайлы сауалдар – этиканың қарастыратын негізгі мәселелері. Бұл сауалдарға жауаптардың барлығы Алла аяндарында адамның көкейіне қонатын, бейнелі көркем тілмен берілуімен қатар, оның бас көзіне ғана сенген адамдарға қолжетпейтіндей астарлы сырлы қабаттары да бар. Бұл аяндар - Құран уаһийі, хадистегі сүннеттер, әулиелердің сырлары немесе жаратылыс әлеміндегі меңзеулер түрінде болуы мүмкін. Оны жалған дүниенің пердесімен көңіл көзі соқыр болғандар көре алмайды, ол тек көкейкөзі ашық адамдардың үлесі. Құранның үндеуі пайғамбарға уаһи болып түсіп, адам жүрегіне, санасына, рухы мен ақылына бағыттанып, оны Ақиқат рухани әлеммен байланыстыруды көздейді деген терең сенімде болған. Қ.А. Ясауи бабаның көңілді этикалық философияның басты мәселесі деп қарастырады. Қасиетті Құранда адам - аманат иесі, жаратылыстың жауһары, Алланың жердегі халифасы, Хақ тәңір тіршілік әлеміндегі орны мен маңызын оған алғаш есімдерді, яғни, феномендерді үйрету арқылы көрсеткен. Адам осы үйретілген есімдер арқылы өз әлемін қалыптастырған, мәнге толтырған. Жеке тұлға адам өмірінің мәнмен толығыуы ол өмір

сүріп отырған қоғамның, қоршаған мәдени ортаның, жалпы адамзат өркениетінің мәнге ие болуына негіз болған.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Әлемдік философиялық мұра» Жиырма томдық. 3том. Аристотель философиясы. Алматы: Жазушы, 2005. -568бет. 254-255
2. Дінтану негіздері: Оқу құралы / Балшыкеев С.Б. / Орысшадан аударған Мұсағұлова А.Е.; Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті. – Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2012 – 108 б
3. Әбу Хамид Мұхаммед әл-Ғазали. Жан тербиесі / Араб тілінен аударған және түсініктерін жазған Жалғас Садуахасұлы астана 2014
4. «Қазақ этикасы және эстетикасы». Жиырма томдық. 12-том. Астана: Аударма, 2007. – 455 б.
5. Осман Нури Топбаш. Мәснәуи бақшасынан, Бір шоқ гүл Published by Erkam Publications at Smashwords2011.-145 б.
6. Иасауи Қ.А. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998. – 656 б.

УДК 101.3:793.3

ДЖАНКАДЫРОВ С.С.¹

¹ КАЗНПУ имени Абая

dss_kaz@mail.ru

Алматы, Казахстан

Сущность и понятие социальные коммуникаций

Социальные коммуникации весьма многообразны и обширны, охватывают все сферы человеческой жизнедеятельности, включают в себя большой спектр видов и подвидов. Индивидуально-психологические, личностные особенности собеседников, оценка ситуаций, выбор средств общения в каждом случае разные, один коммуникативный акт существенно отличается от другого, поэтому классификация видов коммуникаций возможна на разных основаниях и по различным критериям.

Выявление видов коммуникаций, находящихся в сложном взаимодействии, влияющих друг на друга, необходимо для систематизации накопленных в области социальных коммуникаций знаний. Классификация и систематизация знаний позволяют определять сходство и различия между социальными явлениями в разных сферах бытия, выдвигать гипотезы, моделировать коммуникативные процессы.

Реальный процесс коммуникации включает в себя одновременно множество ее видов, при этом выбор средств, каналов, стиля коммуникации зависит от личностных особенностей.

Ключевые слова: коммуникации, индивид, международная политика, нормативные базы.

ДЖАНКАДЫРОВ С.С.¹

¹ Абай атындағы КАЗҰПУ

Әлеуметтік коммуникацияның түрлері мен құралдары

Әлеуметтік қатынас алуан түрлі және өте ауқымды, адам тіршілігінің барлық саласын қамтыды және өзіне үлкен, кіші шоғыр түрлерін енгізеді. Сұхбаттасушының жеке-психологиялық, тұлғалық ерекшеліктері, жағдайдың бағалануы, қарым-қатынас құралдарын таңдау әр жағдайда әр түрлі, бір коммуникативтік акт басқададан айтарлықтай ерекшеленеді, сондықтан қатынас түрлерінің жіктелуі әр түрлі негізде және әр түрлі критерийлер бойынша жүзеге асуы мүмкін. Бір-біріне әсер ететін, күрделі өзара әрекеттестік жағдайдағы қатынас түрлерін анықтау – әлеуметтік коммуникациялық аумағында жинақталған білімді жүйелеу үшін қажет. Білімді жіктеу және жүйелеу болжамдар ұсынуға, қатынас үрдістерін модельдеуге, тұрмыстың әр саласындағы әлеуметтік құбылыстардың ұқсастықтары мен

айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Қарым-қатынастың нақты үрдісі бір мезгілде бірнеше түрін қамтйды, сонымен қатар, құрал, канал, қатынас стилин таңдау тұлғалық ерекшелікке байланысты болады.

Түйін сөздер: коммуникация, жеке, халықаралық саясат, нормативтік база

Dzhankadyrov S.S.¹

¹Kazakh National Pedagogical University Abay

Types and means of social communication

Social communications are very diverse and extensive, they cover all spheres of human life, include a wide range of species and subspecies. Individual and psychological, personal characteristics of interlocutors, assessment of situations, the choice of means of communication in each case are different, one communicative act is significantly different from the other, therefore Classification of types of communications is possible on different grounds and according to various criteria. Identifying the types of communications that are in a complex interaction, affecting each other, is necessary to systematize the knowledge accumulated in the field of social communication. Classification and systematization of knowledge allows to determine the similarity and differences between social phenomena in different spheres of life, to put forward hypotheses, to model communication processes. The actual process of communication includes simultaneously many of its types, while the choice of means, channels, style of communication depends on personal characteristics.

Key words: communication, individual, international policy, regulatory framework

Социальные коммуникации весьма многообразны и обширны, охватывают все сферы человеческой жизнедеятельности, включают в себя большой спектр видов и подвидов.

Индивидуально-психологические, личностные особенности собеседников, оценка ситуаций, выбор средств общения в каждом случае разные, один коммуникативный акт существенно отличается от другого, поэтому классификация видов коммуникаций возможна на разных основаниях и по различным критериям.

Выявление видов коммуникаций, находящихся в сложном взаимодействии, влияющих друг на друга, необходимо для систематизации накопленных в области социальных коммуникаций знаний. Классификация и систематизация знаний позволяют определять сходство и различия между социальными явлениями в разных сферах бытия, выдвигать гипотезы, моделировать коммуникативные процессы.

Реальный процесс коммуникации включает в себя одновременно множество ее видов, при этом выбор средств, каналов, стиля коммуникации зависит от личностных особенностей и ее субъектов.

Традиционным является выделение двух видов коммуникации между людьми – ролевой и личностный. Хотя единой, универсальной системы классификации нет, многие исследователи выделяют четыре главных вида межличностной коммуникации: деловую, воспитательную, диагностическую и интимно-личностную.

Интимно-личностное взаимодействие – это общение между близкими людьми, давно знающими друг друга, которое осуществляется на основе доверительного и глубокого контакта.

В классификации коммуникаций важнейшую роль играют ее критерии. К таким критериям относят:

- наличие или отсутствие правил общения – ролевых предписаний;
- наличие или отсутствие четких целей общения и их характеристик;
- предметность общения;
- равенство позиций партнеров в общении;
- контекстный подход к типологии и ситуации общения;
- использование опосредованных инструментов и технических средств коммуникации;
- преобладающие каналы связи;
- средства воздействия на человека (суггестивные, интеллектуальные, паралингвистика).

Ряд других авторов выделяют общение диктальное и модальное, активное и пассивное, формальное и неформальное, деловое и свободное.

Основанием классификации для всех видов массовых коммуникаций является их отношение к специфическому каналу связи, по которому передается сообщение: аудио-, видео-, аудиовизуальному, т.е. посредством радио, телевидения, печати, в устных или письменных выступлениях [1, с.3].

В системе массмедиа транслируемая информация распространяется с помощью технических средств

того или иного специфического канала связи и нацелена, как правило, на анонимную аудиторию, а та, в свою очередь, формирует желаемый образ коммуникатора.

По задействованию средств связи социальная коммуникация бывает интерперсональной и институциональной.

Интерперсональная коммуникация, или интеркоммуникация, - это коммуникация собеседников, процесс общения и взаимопонимания. Выделяя данный вид коммуникации, Р.Б.Адлер и Дж.Роман относят его прежде всего к контакту «лицом к лицу». Это исторически сложившийся первый вид социальной коммуникации имеет спонтанный и неформальный характер, зависит лишь от правил, связанных с социальными обычаями, и определяется рамками межличностных контактов. Процесс общения между людьми, их коммуникации, является обменом символами. Такая коммуникация чаще всего ограничена, кратковременна, спонтанна и быстро дезактуализируется [2, с.20].

Выделяя следующий вид коммуникации – институциональную коммуникацию, или интракоммуникацию, К.Черри подчеркивает, что коммуникация – явление общественное, а само общество является пространством тщательно урегулированной коммуникации. Общественные институты регулируют как интер-, так и интракоммуникацию: коммуникацию между собеседниками, между группами, народами, городами, организациями и т.д.

Институциональная коммуникация характеризует экономическое, социальное и политическое устройство данного общества. Она охватывает организованные и признанные сообщества: профессиональное, школьное, семейное и т.д. Данный вид коммуникации уже пролонгирован во времени, актуализирован, не ограничен, носит не спонтанный, а произвольный характер.

Между этими двумя видами коммуникации – интерперсональной и институциональной – можно поместить коммуникацию с помощью средств массовой информации (СМИ), например телевидения. Ее наиболее характерной чертой является связь с цивилизацией, от которой она перенимает технические возможности и ритм функционирования.

Телевидение и интернет – самые активные и мощные игроки в сфере культуры в широком смысле. По времени, которое им посвящают широкие слои населения. Потеря культурных коммуникаций ведет к возведению культурных барьеров, а они преодолеваются традиционным способом: люди всегда проговаривают жизнь во время еды. [3, с.91].

В связи с развитием «виртуального мира» выделяется еще один вид коммуникации – интернет-коммуникация, потеснившая не только непосредственную, интерперсональную коммуникацию, общение лицом к лицу, но и институциональную.

Создано большое количество сайтов и веб-ресурсов общественных организаций, ведомств, появились «виртуальные переговоры», «виртуальная организация», «виртуальная сделка», «телекоммутирование, или «телеобмен» (telecommuting), а также Е-бизнес (бизнес, совершаемый через Интернет), Е-торговля, или электронная торговля (торговля по интернету). Возникла культура знакомств в чате, общения на форуме, «кибервзаимодействия» и т.д.

Специфические черты электронной коммуникации – анонимность, физическая непредставленность коммуникантов, свобода и открытость – порождают целый ряд негативных явлений. Сегодня еще нет отчетливых представлений о том, насколько может измениться личность человека, взаимодействующего в виртуальном мире. С одной стороны, постоянное использование интернет-коммуникации ведет к отрыву от реальной действительности, возникновению «интернет-аддикции» - интернет-зависимости и кажется по-настоящему драматичным (Е.П.Белинская).

Однако, с другой стороны, уже есть данные, что Интернет предоставляет возможность позитивного развития отдельных способностей, Я-концепции и мотивационной сферы.

С точки зрения личностного развития интернет-коммуникации свойственны:

- *автокоммуникация*. Информация, посылаемая другому, одновременно становится доступной и адресату, и адресанту. Происходит «возрождение эпистолярного жанра» (Н.В.Чудова);
- *использование* условного имени («ника») либо полная анонимность, свобода самопрезентирования, возможность примерить несколько своих ипостасей, поиграть в «игры с идентичностью» (А.Е.Жичкина, Е.П.Белинская);
- *дискуссионность*. Возможность получить не отсроченную во времени обратную связь от своих единомышленников и оппонентов позволяет развивать мышление, логику, способность к построению убедительного доказательства, находчивость и т.п. (Н.В.Чудова). [4, с.18].

В зависимости от средств воздействия выделяют два вида социальной коммуникации – убеждающую и суггестивную.

Убеждающая коммуникация – вид коммуникации, при которой с помощью логического обоснования

происходит установление согласия с человеком, принимающим информацию (Г.М.Андреева). Такая коммуникация осуществляется с помощью техник аргументации, настойчивости, коалиции, обращения к авторитету.

Убеждающая коммуникация в основном встречается в ситуации совместной деятельности, при решении профессиональных задач. Нельзя не заметить, что успех совместной деятельности зависит от умения человека пользоваться техниками убеждения, занимать верную позицию в общении.

Суггестивная коммуникация представляет собой целенаправленное неаргументированное воздействие на собеседника или группу. В отличие от убеждения, представляющего собой преимущественно интеллектуальное воздействие на собеседника, суггестия – это эмоциональное воздействие. Процесс передачи информации основан на ее некритичном восприятии аудиторией, неспособной провести анализ получаемой информации. Процесс суггестивной коммуникации направлен односторонне и не предполагает равенства позиций общающихся. Это активное, персонифицированное воздействие на человека или группу.

Ритуальные коммуникации – это коммуникации, предполагающие лишь поддержание контакта с социумом с целью подтверждения собственной включенности в социальные отношения как таковые. Собеседник в данном случае – часть ритуала, его необходимый атрибут, маска с заранее заданными свойствами, соответствующими задаче ритуала.

Коммуникативные приемы, используемые собеседниками, стилистика, каналы передачи информации и содержание самого сообщения полностью детерминированы ситуацией каждого конкретного ритуала.

В задачу ритуальной коммуникации не входит изменение мнений, суждений собеседника, его убеждения. Наоборот, ритуальное общение характеризуется необязательностью убеждения партнера и отсутствием его ответной реакции на убеждение.

Формальные коммуникации характеризуются неукоснительным соблюдением коммуникантами отведенных им ролей и правил поведения. Формальное общение предполагает превалирование формы коммуникации над ее содержанием: большой акцент в ситуации взаимодействия ставится на соблюдении норм, правил в ущерб значимости содержания самого общения. Не происходит личностного вовлечения в ситуацию общения, не затрагиваются важные для человека темы, само общение проходит в значительной степени автоматически для его участников. Восприятие партнерами друг друга схематизировано, анализ мотивов, причин поведения собеседника крайне затруднен.

Важным в данном контексте представляется восприятие самой ситуации общения, ее адекватный анализ, выбор стратегий поведения в конкретной ситуации общения, ее соответствие нормам и правилам (умение менять стили общения в зависимости от ситуации взаимодействия с начальником, подчиненным и пр.). Невыполнение ролевых ожиданий одним из коммуникантов, выход за рамки формальных правил и норм приводят к нарушению коммуникации, порождают удивление, тревогу у партнера.

Деловые коммуникации объединяют в себе свойства формальных и ритуальных и направлены в первую очередь на решение конкретной задачи, партнер по общению всегда выступает как значимая личность. Деловая коммуникация – это процесс взаимодействия деловых партнеров, направленный на организацию и оптимизацию того или иного вида предметной деятельности: производственной, научной, педагогической (А.П.Панфилова). Ожидаемый результат деловой коммуникации – оптимизация совместной деятельности партнеров. Основные задачи – продуктивное сотрудничество, стремление к сближению целей, улучшение партнерских отношений.

Личностные коммуникации как социальных коммуникаций рассматриваются в работах М.Аргайла, Дж.Бейтса, А.А.Бодалева, Э.Гоффмана, М.С.Когана. Ситуация личностного общения – исповедальные, интимные, а сообщаемая информация не может быть двойственной, рассогласованной, нечеткой.

Данный вид коммуникации во многом отличен от других. По своей сути это собственно психологическое, истинно межличностное взаимодействие, удовлетворяющее базовые потребности человека (согласно концепции базовых потребностей А.Маслоу) в общении, понимании, сочувствии, сопереживании.

Личностная коммуникация характеризуется особым соотношением переживаемого и осознаваемого – конгруэнтностью партнеров. Термин «конгруэнтность» (К.Роджерс) означает согласованность, соответствие и используется для выражения абсолютной искренности, цельности, стремления человека быть таким, какой он есть.

По своему содержанию социальные коммуникации разделяются на разрушающие, нейтральные и

поддерживающие.

Разрушающие коммуникации оказывают деструктивное влияние как на сам процесс коммуникации, так и на его участников.

Агрессивная коммуникация – это коммуникация, в ходе которой осуществляются нападки на оппонента. В этом смысле агрессивная коммуникация рассматривается как речевой акт, замещающий агрессивное физическое действие: оскорбление (например, грубая брань), насмешка, угроза, враждебное замечание, зложелание, категоричное требование с нарушением общепринятого этикета. В широком смысле – это все виды наступательного, доминирующего общения.

К агрессивным коммуникативным стратегиям в Интернете относятся флейм, флуд и спам. Флейм определяется как вербальная, вызванная сообщением собеседника агрессивная реакция, нарушающая принципы конструктивной дискуссии. Флуд – компьютерный аналог варварства, принижающий чувство собственного достоинства коммуникантов. Спамом называют «мусорную почту», ненужные электронные послания, рассылаемые отдельными фирмами в Интернете по известным им адресам.

Нейтральные коммуникации определяются как коммуникации без агрессивных нападков на партнера – конфликтогенов, но также не удовлетворяющие основные социогенные потребности человека (потребности в признании, принятии, любви).

Конвенциональная коммуникация стандартизирована, безлична. Права, обязанности остаются независимыми от их носителей. Эта коммуникация протекает в соответствии с установившимися правилами, традициями, в рамках строго определенных ограничений, которые, в свою очередь разделяются на:

- собственно конвенциональные – соблюдение правовых, социальных норм, следование регламентации (действия по инструкциям, правилам, согласно традициям и пр.);

- ситуативные – ограничения в зависимости от ситуации общения (беседа, совещание, презентация, переговоры и т.д.);

- эмоциональные, связанные с умением управлять собственной эмоциональной сферой в ситуации общения независимо от степени напряженности атмосферы;

- насильственные, проявляющиеся в прерывании контакта любой из сторон в случаях, когда содержание информации теряет предметный характер, или когда исчерпано отведенное для коммуникации время, или когда реакции партнера неадекватны ожиданиям и нормам (например, агрессивное поведение).

Поддерживающие коммуникации, в отличие от нейтральных, не только не ущемляют основные психологические права и свободы их участников, но даже обогащают их внутренний мир. В отличие от нейтральной коммуникации, поддерживающая предполагает удовлетворение потребности человека в общении, понимании, сочувствии, сопереживании (А.Маслоу). Ее цели непосредственно связаны с партнером, пластичны, легко изменяемы. Ожидаемый результат – совместное изменение представлений партнеров (в зависимости от глубины общения). Участие человека в поддерживающей коммуникации способствует его психическому здоровью, цельности, уравновешенности, стабильности [5, с.87].

Эмпатическая коммуникация – это межсубъектное воздействие, в котором оба партнера понимают, принимают, поддерживают друг друга. Этот вид коммуникации характеризуется доверительностью отношений партнеров, что является существенным фактором, определяющим эффективность их коммуникации. Согласно К.Роджерсу, эмпатия (от гр. *empathia* - сопереживание) – это сочувственное понимание внутреннего мира другого, «как будто он твой собственный, но не теряя этого «как будто» [6, с.15].

В дидактической коммуникации основой взаимодействия между партнерами является субъект-субъективные отношения, сопереживание, сочувствие, активное слушание другого.

Роджерс отмечал, что в истинно диадической, гуманистической коммуникации ослабляются защитные реакции индивида, исчезают барьеры в общении, возникает стремление общаться искренне. Партнеры могут оказывать друг на друга воздействие, в результате которого происходят изменения в личности собеседников в сторону большей цельности, меньшей конфликтности и большей жизненной энергии, поведение становится более зрелым.

Конструктивные коммуникации – это коммуникации, строящиеся на принципах партнерского равенства, подчеркивания значимости личности другого. Это позитивные, эффективные по своему содержанию коммуникации, включающие в себя понимание состояния партнера, подчеркивание его значимости, проявление уважения и интереса к его личности, проблемам, безоценочное реагирование на его действия. Конструктивные коммуникации могут быть поддерживающими, диадическими, гуманистическими [7, с.29].

Воспитательная коммуникация предполагает ситуации, в которых один из участников целенаправленно воздействует на другого, достаточно четко представляя себе желаемый результат, т.е. зная, в чем он хочет убедить собеседника, чему научить и т.д. Обычно такого рода беседы возможны, когда один из партнеров по общению (обучающие) обладает ситуационно или постоянно (как учитель в школе) большим авторитетом и знаниями, чем другой [8, с.11].

Социальные коммуникации на сегодняшний день находятся на стадии непрерывного развития, постоянно меняясь, ввиду развития электронных сфер, направленный на организацию и оптимизацию того или иного вида предметной деятельности.

На сегодняшний день человеческая коммуникация может осуществляться на любом уровне. Для того чтобы стать индивидами, мы должны овладеть искусством межличностной коммуникации и должны научиться коммуникации с самим собой — интраличностной коммуникации и саморефлексии, то есть должны уметь не просто думать и чувствовать, но думать и чувствовать о своих собственных мыслях и чувствах.

Информационно-коммуникативная функция традиции признается всеми исследователями. Традиции служат своего рода дополнительным инструментом, посредством которого культура «кодирует» мир явлений и помогает передавать информацию через времена и пространства, то есть она является главным механизмом формирования и сохранения этнической культуры и культуры этнической диаспоры. Она создает условия для хранения, накапливания, систематизации этнически значимых элементов культуры. Каждая общность формирует свой комплекс норм и традиций, зашифрованных в определенной предметно-знаковой системе, что обеспечивает их понимание всеми членами общности, создает господствующий тип мироощущения, организует необходимое для единства общности социальное поведение, и в то же время воздвигает препятствие в системе коммуникативных отношений с иными культурами. Значимость регулятивно-нормативной функции традиции постоянно возрастает, так как идут усложнения связей и отношений индивидуального и общественного, личностного и коллективного, увеличения тенденции к росту многообразия форм культур. [9, с.139].

В условиях бурного развития электронных средств массовой информации, особенно системы Интернет, усиливается воздействие всех видов коммуникации на социальные процессы в обществе. Появляются новые, ранее неизвестные средства передачи информации, трансформируются и видоизменяются прежние, традиционные.

Список использованной литературы:

1. Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие. Социально-психологические проблемы. М.1990. – С. 3
2. Андреева Г.М. Психология социального познания. М., 2000. –С. 20
3. Абсаттаров Р.Б., Рау И.А. Некоторые проблемы современной культуры: Социально-политические аспекты // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Социологические и политические науки», 2018. - №4 (64). – С. 91
4. Болотова А.К. Психология организации времени. М., 2006. –С. 18
5. Лабунская В.А. Невербальное поведение. Ростов н/Д, 1986. –С. 87
6. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. М., 1994. –С. 15
7. Харрис Р. Психология массовой коммуникации. СПб, 2005.-С. 29
8. Панфилова А.П. Деловая коммуникация в профессиональной деятельности: учеб. Пособие. СПб, 1999. –С.11
9. Набиев В.Г. Традиционная культура и особенности формирования // Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Социологические и политические науки», 2018. - №4 (64). – С. 139

МРНТИ 023.121

Пичкурова О.Г.

*Казахский Национальный Педагогический Университет им. Абая
Алматы, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИАЛЬНО-ОТВЕТСТВЕННОГО ПОВЕДЕНИЯ ГОРНОДОБЫВАЮЩИХ И ПЕРЕРАБАТЫВАЮЩИХ ПРЕДПРИЯТИЙ

Добыча твердых полезных ископаемых (ТПИ) имеет историю длиною во множество тысяч лет и в настоящее время является для многих стран основным сектором экономики. В мире в более чем 70 странах ведется добыча твердых полезных ископаемых. Таким образом, горнодобывающая и перерабатывающая отрасль занимает особое место.

В Казахстане горнодобывающая и перерабатывающая промышленность представляет собой одну из главных отраслей экономики. Отличительной особенностью горнодобывающей промышленности Казахстана является многообразие полезных ископаемых, а также их высокий рыночный спрос. Недр Казахстана содержат более 90 их видов, одной из обширных групп являются твердые полезные ископаемые, которые подразделяются на горючие (ископаемые угли, торф, горючие сланцы), металлические (руды металлов, самородные металлы) и неметаллические (гранит, базальт, пемза и др.) полезные ископаемые, а также химическое сырье (соли и др.) [1]. Казахстан занимает 13 место в мире по общему объему добычи ТПИ среди 70 стран.

По состоянию на 2018 г. согласно имеющимся статистическим данным Республики Казахстан, горнодобывающей промышленностью и разработкой карьеров занимаются 3576 компаний [2], работы ведутся на огромных территориях и предоставляют рабочие места для 2,9% населения [3].

Добыча и переработка твердых полезных ископаемых является основой для производства различного оборудования, изготовления товаров народного потребления, получения энергии, для целей строительства и т. д. Невозможно преуменьшить значимость данной отрасли, так как она имеет критическое значение для выживания цивилизации. Соответственно развитие данной промышленности не прекращается, а, наоборот, набирает обороты.

Однако, несмотря на такие преимущества, которые дает данная отрасль промышленности, все же имеются и негативные аспекты как для социального, так и для экологического состояния, а также как для отдельных регионов, так и планеты в целом.

Добыча и переработка ТПИ порой ведет к необратимым последствиям при неправильном социальном и экологическом подходе, несвоевременном планировании мер по охране социальной и экологической сферы, попустительском отношении, недостаточности данных об изучении фонового социального и экологического состояния региона, где планируется вести добычу ТПИ. В связи с разработкой проектов по добыче и переработке ТПИ нарушается социальная среда, а именно, привычный уклад жизни местного населения, порой безвозвратно, особенно если данная деятельность ведет к вынужденному переселению, что может привести к потере земель, безработице, маргинализации, отсутствию продовольственной безопасности, повышению заболеваемости, потере доступа к ресурсам общего пользования, разобщенности населения, нарушению прав человека [4]. Без четкого планирования и несвоевременного создания фонда для ликвидации и закрытия рудников/шахт/разрезов, объектов геологоразведочных работ, горнодобывающая деятельность отдельных предприятий может привести, как минимум, к нарушению ландшафта, загрязнению окружающей среды.

Если говорить о проблемах, связанных с охраной труда, то можно выделить в первую очередь сами условия труда, а именно, специфику работы, условия проживания и питания рабочих на горнодобывающих объектах. Не всегда условия труда можно назвать “дружелюбными” по отношению к работникам, тем более на объектах, расположенных в сложных климатических условиях.

Другая проблема проявилась в период текущей пандемии, тогда некоторые работники практически на несколько месяцев были заперты в пределах рудников без возможности выезда за пределы производственных предприятий. Иная же часть рабочих в этот период остается без привычных средств к существованию, так как не имеет возможности добраться на объект в связи с ограничениями на перемещение и закрытием границ между государствами. Так, согласно данным Всемирной организации труда (МОТ) до 305 млн. штатных рабочих, задействованных в горнодобывающем секторе

во всем мире, могут остаться без работы во второй половине 2020 г. в связи с пандемией [5].

Социальная ответственность сама по себе достаточно новое направление, и в данной статье автор намеренно не называет ее “корпоративной социальной ответственностью”, так как под словом “корпоративная” представляется не само понимание ответственности с точки зрения социологии, а что-то общее, узкогрупповое, относящееся к конкретной организации, включающее большое количество текстовых отчетов, таблиц и диаграмм и с вовлечением специалистов в области управления и экономики предприятий. Поэтому остановимся на более обширном термине – “социальная ответственность”.

Тем не менее, автором все же была предпринята попытка разграничить термины “корпоративной социальной ответственности” и “социальной ответственности” на основе изучения документов, носящих рекомендательный характер к исполнению в отношении ведения бизнеса.

Итак, согласно международному принципу ISO 26000-2010 “Руководство по социальной ответственности”, разработанному Международной организацией по стандартизации (ISO), социальная ответственность – “это ответственность организации за влияние ее решений и деятельности на общество и окружающую среду посредством прозрачного и этического поведения, которое способствует устойчивому развитию, включая здоровье и благополучие общества; учитывает ожидания заинтересованных сторон; соответствует действующим законам и международным нормам поведения; интегрировано в организации в целом и практикуется в ее взаимоотношениях” [6]. Если рассматривать определение корпоративной социальной ответственности, то согласно объяснению, представленному на сайте Организации объединенных наций по промышленному развитию (INODO) “корпоративная социальная ответственность – это концепция управления, согласно которой компании интегрируют социальные и экологические проблемы в свою бизнес-деятельность и взаимодействие со своими заинтересованными сторонами. КСО обычно понимается как способ, с помощью которого компания достигает баланса экономических, экологических и социальных требований (“подход тройного минимума”), в то же время удовлетворяя ожидания акционеров и заинтересованных сторон” [7]. Таким образом, сравнивая вышеуказанные определения, можно сделать вывод, что между социальной ответственностью с точки зрения ведения хозяйственной деятельности и корпоративной социальной ответственностью отличий практически нет. Тем не менее, автором статьи данный термин понимается в более широком смысле, который носит сложный собирательный нравственно-правовой, этический, и даже философский характер, своего рода синергия между предприятием, обществом и государством, где их правильно выстроенное, экологичное взаимодействие дает намного более положительные результаты для построения взаимовыгодных отношений, нежели вынужденное сосуществование, так как “жить в обществе и быть свободным от общества нельзя”.

Социальная ответственность прямо не регулируется государством. Так, на примере казахстанского законодательства, регулируются трудовые отношения, охрана труда и техника безопасности, ряд экологических аспектов, касательно нормативов предельно допустимых сбросов и выбросов загрязняющих веществ в окружающую среду, сброса шахтных, карьерных, отработанных вод в окружающую среду, нормативов размещения твердых бытовых отходов, техногенных минеральных образований (ТМО), а также организация санитарно-защитной зоны, своевременная уплата налогов и прочих необходимых платежей, следование требованиям казахстанского содержания при найме сотрудников, приобретении материалов, оборудования и услуг, а также при подготовке оценки воздействия на окружающую среду (ОВОС) на объекты проектирования, а не весь горнодобывающий проект в целом, необходимым требованием является проведение общественных слушаний, то есть единственный закреплённый момент взаимодействия с местным населением на территории присутствия, который стал еще более обязательным после ратификации Орхусской конвенции в 2000 году [8].

Согласно мировой передовой практике (“требования к реализации проектов” ЕБРР и “стандарты деятельности” МФК) для проекта в целом следует проводить оценку экологического и *социального* воздействия (ОЭСВ), то есть социальная сфера изначально является неотъемлемым компонентом, напрямую взаимосвязанным с проектом. Крупные компании, имеющие активы в разных странах мира, инвестируемые крупными финансовыми институтами и имеющие опыт работы по их требованиям, конечно же, проводят вышеуказанную оценку для целей соответствия, поддержания рейтинга, репутации и т. д., средние и мелкие же компании, имеющие небольшие активы, либо их небольшое количество, и собственные средства либо от частных инвесторов для освоения таковых не проводят эту работу, и тем более не имеют в штате социолога, не говоря уже о целом отделе, либо иного выделенного специалиста, обязанности которого напрямую связаны с взаимодействием с

общественностью, местным населением, неправительственными организациями (НПО) на территории присутствия, где осуществляется либо будет осуществляться реализация горнодобывающего проекта.

В целом деятельность горнодобывающих и перерабатывающих предприятий регулируется законодательством территории присутствия, а социальная ответственность должна стать нормой поведения компаний. В настоящий момент сложно сказать, стоит ли ее на нее накладывать обязательный характер на законодательном уровне, так как нагрузка на компании и так высокая, но менять менталитет ведения бизнеса все же нужно. А для этого, то есть, для реализации социально-ответственного поведения горнодобывающими и перерабатывающим компаниями, в первую очередь необходимо им оказать максимальное содействие, не усложнять их существование новыми обязательствами, а помогать налаживать контакт с местным населением, поощрять, вовлекать неправительственные организации, которые не будут находиться в конфронтации ни с государством, ни с предприятиями, ни с местным населением, а помогать выстраивать долгосрочные и продуктивные отношения, обеспечивать своего рода синергетический эффект. Так как многие конфликты, по природе своей, возникают от непонимания и незнания, а при открытости информации, доступности, своевременном разъяснении при личных встречах, а также ее наличии в открытом доступе, возможности быть услышанными и получить обратную связь, местное население будет более охотно вовлекаться в процесс взаимодействия, а также решение социальных вопросов, развития местного населения, инфраструктуры на территории присутствия не должно единолично приниматься местными либо региональными исполнительными органами, тем самым снижая уровень коррупции и увеличивая уровень доверия к предприятию и властям.

Таким образом, можно заключить, что социальная ответственность в настоящее время является необходимостью, так как правильный бизнес невозможно вести вне общества. Но также она не должна ограничиваться только законодательно закрепленными нормами и правилами. Социальная ответственность при ведении хозяйственной деятельности, а также социально-ответственное поведение предприятий должны складываться на основе опыта, полученного за такой огромный период добычи и переработки ТПИ во всем мире с учетом специфики страны присутствия предприятий. Для содействия развитию социально-ответственного поведения можно привлекать крупные компании с мировым именем и рейтингами устойчивого развития отдельно либо в объединении с другими такими же крупными компаниями с поощрением их действий для проведения конференций информативного характера либо написания своего рода инструкций с разбором ситуаций социально-ответственного поведения для страны присутствия, опираясь на стандарты и руководящие принципы мировой практики, но с учетом национальных и местных особенностей с целью улучшения жизни общества в целом и создания экологической и социальной безопасности как нынешнему, так и будущему поколению, а также в менее глобальном значении, оказания помощи малым и средним предприятиям с целью указания правильного социально-ответственного пути ведения бизнеса.

Список использованной литературы

1. *Общая информация о геологии Казахстана. Информационно-торговая площадка с расширенными возможностями для инвесторов, руководителей и специалистов, работающих в сфере недропользования Казахстана [Электронный ресурс] / сайт NEDRA.KZ <https://nedra.kz/pi/tpi> (дата обращения 12.12.2020 г.)*
2. *Модуль "Организации". База данных всех организаций Казахстана. [Электронный ресурс] / KAZDATA <https://kazdata.kz/01/service-organization.html>*
3. *Промышленность Казахстана. [Электронный ресурс] / сайт Википедии <https://ru.wikipedia.org/> (дата обращения 12.12.2020 г.)*
4. *Michael M. Cernea. Impoverishment Risks, Risk Management, and Reconstruction: A Model of Population Displacement and Resettlement. UN Symposium. Beijing, October 12-290, 61 pages [<https://commdev.org/pdf/publications/Impoverishment-Risks-Risk-Management-and-Reconstruction.pdf>]*
5. *International Labour Organisation. ILO Monitor: COVID-19 and the world of work. Third edition. Updated estimates and analysis, 29 April 2020: [Электронный ресурс] / сайт Международной организации труда https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/@dgreports/@dcomm/documents/briefingnote/wcms_743146.pdf (дата обращения: 15.12.2020 г.)*
6. *International Organization for Standardization. ISO 26000:2010 Guidance on social responsibility: [Электронный ресурс] / сайт Международной организации по стандартизации*

<https://www.iso.org/standard/42546.html#:~:text=ISO%2026000%3A2010%20is%20intended,part%20of%20their%20social%20responsibility> (дата обращения: 18.12.2020 г.)

7. United Nations Industrial Development Organisation What is CSR?: [Электронный ресурс] / сайт Организации Объединенных Наций по промышленному развитию <https://www.unido.org/our-focus/advancing-economic-competitiveness/competitive-trade-capacities-and-corporate-responsibility/corporate-social-responsibility-market-integration/what-csr#:~:text=Corporate%20Social%20Responsibility%20is%20a,and%20interactions%20with%20their%20stakeholders> (дата обращения: 18.12.2020 г.)
8. Орхусская конвенция. О ратификации Конвенции о доступе к информации, участию общественности в процессе принятия решений и доступе к правосудию по вопросам, касающимся окружающей среды. Закон Республики Казахстан от 23 октября 2000 года №92-ІІ ЗРК. «Юридическая газета» от 8 ноября 2000 года № 48. Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2000 г. № 14-15, стр.288: [Электронный ресурс] / Единый экологический интернет-ресурс Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан. <http://ecogofond.kz/orhusskaja-konvencija/> (дата обращения: 19.12.2020 г.)

УДК 323.2

МРНТИ 11.01.39

Құтбанбаева Индира Нұрболқызы¹

¹Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының докторанты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

(Алматы қ., Қазақстан)

e-mail: kutbanbayeva.indira@gmail.com

ҚОҒАМДАҒЫ ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ ПРОЦЕСТЕРІНЕ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ САЯСИ ҚАТЫСУЫНЫҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан жастарының жаңа буынының саяси әлеуетін қалыптастыру және жүзеге асыру мәселелері ашылады. Автор жастарды қазақстандық саяси процеске енгізу мүмкіндігін қарастырады. Қазақстан демократиялық бастамаларды дамыта отырып, азаматтардың, ең бастысы, жас ұрпақтың саяси қатысуының мүмкіндіктері мен формаларын кеңейте отырып, саяси жүйенің тұрақтылығын сақтау қажеттілігін айқындады. Саяси партияларды қоса алғанда, қоғамдық-саяси ұйымдар мен бірлестіктердің алуан түрлілігі жастардың азаматтық белсенділік танытуы үшін қолайлы жағдай жасауда және жалпы жас ұрпақты саяси әлеуметтендірудің тиімді модельін әзірлеуде оң фактор болып табылады.

Түйінді сөздер: жастар, саяси әлеует, саяси субъектілік, саяси қатысу, саяси жаңғырту, саяси процесс.

Қутбанбаева Индира Нурболовна¹

¹Докторант кафедрасы политологии и политических технологий

Казахского национального университета им. аль-Фараби

(г. Алматы, Казахстан)

e-mail: kutbanbayeva.indira@gmail.com

ВЛИЯНИЕ ПОЛИТИЧЕСКОГО УЧАСТИЯ МОЛОДЕЖИ КАЗАХСТАНА НА ПРОЦЕССЫ ДЕМОКРАТИЗАЦИИ В ОБЩЕСТВЕ

Аннотация

В статье раскрываются вопросы формирования и реализации политического потенциала нового

поколения казахстанской молодежи. Автор рассматривает возможность включения молодежи в казахстанский политический процесс. Казахстан, развивая демократические инициативы, определил необходимость сохранения стабильности политической системы, расширяя возможности и формы политического участия граждан, прежде всего, молодого поколения. Разнообразие общественно-политических организаций и объединений, включая политические партии, является положительным фактором в создании благоприятных условий для гражданской активности молодежи и разработке эффективной модели политической социализации молодого поколения в целом.

Ключевые слова: молодежь, политический потенциал, политическая субъективность, политическое участие, политическая модернизация, политический процесс.

Kutbanbayeva Indira Nurbolovna¹
¹PhD student of the Department of
Political Science and Political Technologies
al-Farabi Kazakh National University
(Almaty, Kazakhstan)
e-mail: kutbanbayeva.indira@gmail.com

THE INFLUENCE OF KAZAKHSTANI YOUTH'S POLITICAL PARTICIPATION ON DEMOCRATIZATION PROCESSES IN SOCIETY

Annotation

The article deals with the formation and implementation of the political potential of the new generation of Kazakh youth. The author considers the possibility of including young people in the Kazakh political process. Kazakhstan, developing democratic initiatives, has identified the need to preserve the stability of the political system, expanding the opportunities and forms of political participation of citizens, especially the younger generation. The diversity of socio-political organizations and associations, including political parties, is a positive factor in creating favorable conditions for civic activity of young people and developing an effective model of political socialization of the younger generation as a whole.

Keywords: youth, political potential, political subjectivity, political participation, political modernization, political process.

Демократиялық қоғам дамуының индикаторларының бірі - бұл жастардың қоғамдық санасында саяси шындықтың көрінісі ғана емес, сонымен қатар елдің саяси өміріндегі жеке қатысу мен белсенділік деңгейі. Демократиялық қоғам идеясын қабылдай отырып, жастар қоғамда белсенді қатысу құқығын іске асыруға тырысады. Жастардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға негізделген осындай саяси қатысуда таңдау үрдісі байқалады [1].

Жас азаматтардың республикалық және жергілікті сайлау мен референдумдарға қатысуы бірқатар себептерге байланысты үлкен маңызға ие. Біріншіден, жастардың саяси мүдделері сайлаушылардың аға буынының саяси мүдделерінен ерекшеленуі мүмкін және өз бетінше ұсынылуы тиіс. Екіншіден, егер көптеген жағдайларда жастар өздерін үлкен ұрпақтан гөрі ықпалды күшпен сезінсе, онда дауыс беру кезінде саяси сайлаудың нәтижесіне әсер етуге бірдей мүмкіндік бар. Үшіншіден, шешім қабылдау процесіне қатысу азаматтық мәселелерді түсінуге ықпал етеді.

Жастарға елдің саяси процесіне қатысу мүмкіндігі демократия мен азаматтық қоғамды дамытудың маңызды қағидаларына сәйкес келеді. Бостандық пен демократия жолымен жүрген Қазақстан үшін жастарға екпін жасау керек, бұл елдің жалпы халқының 23% құрайды. Жас ұрпақ ондаған жылдан кейін мемлекеттік саясатты қалыптастырып, қоғамның даму бағытын көрсететін болады. Қазір жастардың мәселелерін жүйелі шешу үшін қоғам, партиялардың жетекшілері, азаматтық қоғам өкілдерінің тарапынан үлкен көңіл бөлінуі қажет [2].

Қазақстан демократиялық бастамаларды дамыта отырып, азаматтардың, ең бастысы, жас ұрпақтың саяси қатысуының мүмкіндіктері мен формаларын кеңейте отырып, саяси жүйенің тұрақтылығын сақтау қажеттілігін айқындады. Жастардың саяси қатысуының ерекшелігі саяси іс-әрекетке итермелейтін саяси құқықтарды іске асыру тетігі арқылы, сондай-ақ саясатқа кірудің қандай да бір арналарын пайдалана отырып, белсенділігін, саяси мәселелерді шешуге деген қызығушылығын арттыру болып табылады [3].

Демократияға ұмтылатын қоғам өзінің сындарлы әрекеттерімен білім беру жүйесі сияқты қуатты мемлекеттік институт арқылы жастардың саналы саяси таңдау жасауға және ол үшін

жауапкершілік алуға қабілетті саяси қатынастардың субъектісі ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Жастардың саяси процестерге қатысуы мемлекеттік жастар саясатының тиімділігі мен пәрменділігінің индикаторы ретінде қарастырылуы мүмкін, оның негізгі бағыты оның қоғамға кірігуіне жәрдемдесу және осы үдерістің әлеуметтік құрамдас бөлігін кеңейту жағдайында өзін-өзі іске асыруға қолдау көрсету, жас ұрпақты азаматтық тәрбиелеу міндетін дербес шешуге ұмтылатын ұйымдардың қызметін жандандыру болып табылады. Жастардың саяси санасы реформадан кейінгі кезеңде қалыптасып, саяси қатысудың мобилизациялық түрінен жеке таңдауға көшумен қатар қалыптасқанын атап өту маңызды. Сонымен қатар, қазақстандық қоғамның трансформациялық даму тәжірибесі жас азаматтардың саяси проблемалардың ағымын түсіну үшін жеткілікті саяси тәжірибе мен тиісті білімнің болуын көздейді. Жастардың саяси білімі мен саяси мәдениеті көбінесе оның азаматтық құқықтарын іске асыру мүмкіндігі мен қабілетін, сондай-ақ оның саяси қызметінің бағытын анықтайды [4].

Жастардың саяси қатысуының түрлері мен үлгілерін қалыптастыру үшін саяси әлеуметтену институттарының, оның ішінде қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар үлкен маңызға ие. Кеңес мемлекетінде балалар мен жастардың басым бөлігі пионер, комсомол және басқа ұйымдардың мүшелері болды. Бұл институционалдық құрылымдар өздерінің идеологиялық бағыты арқылы өз мүшелерін қоғамдық және саяси өмірге тарту мүмкіндігіне ие болды, жастардың проблемаларын шешуде қоғамдық ықпал ету күштерін пайдаланды.

Қоғамдық-саяси жүйенің ауысуы жаңа құрылымдалған жастар ұйымдарының қалыптасуына алып келді. Жастардың қоғамдық бірлестіктерін институционалдандыру процестері жас буынның саяси әлеуметтендіру механизмдеріне тікелей әсер етеді және жастардың саяси субъективтілігін қалыптастырудың жаңа модельдерін, олардың саяси мәдениетінің деңгейін, қазақстандық қоғамда идеология мен ортақ мақсаттардың қалыптасуын айғақтайтын сапалы үрдістерді көрсетеді.

Бұл жерде басымдық позициясы жастар өкілдігі органдарына: жастар парламенттері, жастар қоғамдық палаталары, жастар үкіметтері және заң шығарушы және атқарушы биліктің әртүрлі деңгейлерінде, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқаруға құрылған басқа да консультативтік-кеңесші құрылымдарға жатады. Бұл институционалдық құрылымдар Қазақстанның қазіргі заманғы жағдайларында мемлекеттік, қоғамдық және бірінші кезекте, жастар мүдделерін үйлестірудің оңтайлы нысаны болып табылады. Саяси партияларды қоса алғанда, қоғамдық-саяси ұйымдар мен бірлестіктердің алуан түрлілігі жастардың азаматтық белсенділік танытуы үшін қолайлы жағдай жасауда және жалпы жас ұрпақты саяси әлеуметтендірудің тиімді моделін әзірлеуде оң фактор болып табылады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік жастар ұйымдары: студенттер Альянсы, жастар конгресі, Жастар Парламенті және «Жас Отан» жастар партиясының қанаты жастардың үш үлкен санатын: студенттерді, азаматтық көшбасшыларды және саяси көшбасшыларды қамтыды және жастар саласында басты рөл атқарады. Алайда, жастардың оларға қатысу үлесін қарастыратын болсақ, бұл толық көлемде жүзеге асырылмайтынын көрсетеді.

Жастар ұйымдары өкілдердің көзқарасы бойынша, жастардың саяси қатысуы екі бағытта: public policy – азамат пен мемлекеттің өзара қарым-қатынастарына туындайтын қоғамдық саясат және ережелерді қалыптастыру мен өзгертуге және бүкіл қоғамның өмірін жақсартуға (заң шығарушылық, мемлекетке әлеуметтік-экономикалық, мәдени және өзге де міндеттерді шешуге жәрдемдесу) бірінші рет қатысуды білдіреді. Және politics – биліктің ауысуымен, институттардың ашықтығымен, сондай-а азаматтық қатысу, бақылау және ықпал ету мүмкіндіктерімен сипатталатын мемлекеттік қызмет ретінде қарастырылады. [5].

Қазақстандағы саяси партиялар өздерінің жастар мәселесіне және жастар саясатына өз назарын аударды. Олардың ішіндегі ең ірілері өздерінің жастарға арналған ұйымдарын құрып, жұмыс істейді. Оларға: «Жас Отан» жастар қанаты; «Жасыл ел», «Қазақстан Жастар конгресі», Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Халықаралық «Болашақ» стипендиясы түлектерінің қауымдастығы, «Ауыл жастар одағы», «Қазақстанның жас депутаттар қауымдастығы», «Студенттік құрылыс жасағы», «Қазақстан Жастар Конгресінің Мемлекеттік қызмет мектебі», «Жарқын Болашақ Белесі», «Казбренд», «Нұрсұлтан қаласының жастар мәслихаты», «Жігер», «Дипломат», «Есірткісіз болашақ» «Родвигение», «Пікірсайысшылардың республикалық қауымдастығы» және т.б. кіреді.

Айта кету керек, қазақстандық жастар қоғамы Қазақстанның қоғамдық-саяси саласына өз потенциалын әлі де жеткіліксіз мөлшерде жұмсайды. Бүгінде мемлекеттік құрылымдардың, муниципалдық билік органдарының, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарының жастарды қазіргі заманғы қоғамның жүйелі қатынастарына тарту жөніндегі қызметін толық тиімді деп тануға болмайды. Бұл туралы жас азаматтардың мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына

қосылуының төмен көрсеткіштері, олардың қоғамдық және саяси ұйымдардың қызметіне қатысуының болмашы үлесі куәландырады. Бүгінгі таңда қазіргі Қазақстанның жас азаматтары қолдауына ие бола алатын азаматтық қоғам институттарының жұмысқа қабілеттілігін жаңарту қажеттілігі туындайды. Олардың қатарында белсенді саяси партиялар, жастардың өкілетті және кеңесші құрылымдары, тәуелсіз кәсіподақтар, кәсіпкерлердің жұмысқа қабілетті қауымдастықтары, БАҚ-тағы жастар және т. б. бар. Осыған байланысты жастардың саяси әлеуетін жандандыру жөніндегі жұмыстың көптеген нысандары мен әдістері елеулі өзгерістерге ұшырауы тиіс. Жаһандық үрдістер стратегиялық артықшылықтардың негізгі тасымалдаушысы жастар болып табылатын дамудың инновациялық әлеуетін тиімді және нәтижелі пайдалана алатын мемлекеттерде болатынын дәлелдейді [6].

Қазақстанның мемлекеттік жастар саясаты жастардың негізгі проблемаларын анықтаумен және оларды шешумен айналысады. Саясаттанушы Т.Үмбетәлиеваның пікірінше, мемлекеттің жастар саясатына қатысты функциясы артық. Сол арқылы мемлекет жастар үшін нормаларды тәрбиелейді және айқындайды. Орталық билік өмірлік ұстанымдар, құндылық бағдарлар, мінез-құлық нормалары шеңберіне қояды.

Қазақстан үкіметі жастарды мемлекеттік саясатта тең құқылы серіктес ретінде емес, басқару мен бақылауды қажет ететін топ ретінде қарастырады. Жастар саясатының өкілдері жергілікті атқарушы билікке жете алмайды. Бұл проблема тек жастар саясаты саласында ғана емес, ол қоғамдық қызметтің барлық салаларында сарапшылар арасында кеңінен талқылануда. Атқарушы биліктің атқару тетіктерінің жоқтығы, бақылаудың жоқтығы және атқарушы биліктің қызметіне мониторингтің жоқтығы биліктің екі тармағының өзара іс-қимылындағы негізгі проблемалық мәселелер болып табылады. Осылайша, жергілікті деңгейде атқарушы биліктің бақылау тетіктерінің жоқтығы және заңдар мен бағдарламалардың мониторингінің болмауы осы бағдарламалар мен тұжырымдамалардың жүзеге асырылмауына мүмкіндік береді [7].

Жастардың саяси процеске қатысуын күшейтуге бағытталған шаралар:

- жастардың саяси және әлеуметтік белсенділігін ынталандыратын құқықтық актілер әзірлеу;
- билік органдарында жастардың мүдделерін білдіру. Жастар қозғалысын ұйымдастырудың әртүрлі нысандары жастардың проблемаларын, мүдделері мен үміттерін тиімді қалыптастыруға және мемлекеттік биліктің атқарушы және заңнамалық органдарына жеткізуге мүмкіндік береді;
- жас азаматтардың зияткерлік меншігін және ғылыми жетістіктерін мемлекеттік қолдау, жас ғалымдардың өңір басшыларының қамқорлығындағы инновациялық жобаларының көрме-тұсаукесерлерін өткізу, жеңімпаздарға гранттар бөлу;
- мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жастар көшбасшыларын даярлау үшін пәрменді құралдарды пайдалануы, мысалы жетекші саясаткерлердің, патриоттық сарапшылар мен кәсіпкерлердің қатысуымен шеберлік сағаттары, сондай-ақ орталық БАҚ, қоғамдық қорлар және т. б. өкілдерімен сессиялар;
- азаматтық тартымдылықты күшейту және сындарлы әлеуметтік тәжірибелерге оқыту бойынша өзін жақсы көрсеткен жұмыс түрі ретінде қолда бар және жаңадан құрылған жастар лагерьлеріне мемлекеттік қолдау көрсету.

Осылайша, Қазақстан Республикасының жүргізіп отырған саясатындағы жастардың рөлі сөзсіз орасан зор, өйткені жастар еліміздің болашағын негіздейтін іргетас болып табылады. Жастардың өкілді органдарының дамуы мемлекеттік және муниципалды басқару органдарындағы ықпал ету шеңберін бір уақытта кеңейтеді, сонымен бірге мемлекеттік биліктің заңды институттарына қатысу технологияларын қолдана отырып, жастар бірлестігінің мүдделерін іске асыруды қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Закон РК «О государственной молодежной политике в РК» - С. 6-7.
2. Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы // Электрондық еңбек биржасы. [Электрондық ресурс] URL:<https://www.enbek.kz/docs/kk/node/194> (өтініш берген күні: 18.04.2020).
3. Молодежь Казахстана: социальное самочувствие. Основные тенденции развития политической культуры. Департамент внутренней политики МКИОСРК, 1999 г. — 294с.
4. Сарсенбаев А.С., Телебаев Г.Т., Калетаев Д. А. Казахстанская молодежь на рубеже веков. Астана., «Елорда». 2000 г. — 79с.

5. *Молодежь в Казахстане: проблемы и возможные решения, Доклад директора Молодежной информационной службы Казахстана И. Медниковой, [Электрондық ресурс] URL: <http://osdp.info/index.php/o-am-zh-ne-sayasat/item/316-molodezh-v-kazakhstane-problemy-i-vozmozhnye-resheniya> (өтініш берген күні: 07.04.2020).*
6. *Шойкин Г. Политическое поведение казахстанской молодежи. А., 2006 г. — 137с.1*
7. *Коктейль Молотова. Анатомия казахстанской молодежи. Исследования политологов. Интервью Т.Умбеталиевой на сайте zona.kz [Электрондық ресурс] URL: <http://www.zonakz.net/view-koktejl-molotova-anatomija-kazakhstanskojj-molodezhi-issledovaniya-politologov-2014-09-16.html> (өтініш берген күні: 11.04.2020).*

ОӘЖ: 342.843(045)

Жунисова Молдир Шахмадановна

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті ОҚО, Шымкент
6М010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 2 курс
магистранты

Білім беру бағытында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін әлеуметтік зерттеу.

Оқыту әдістері мен сабақ беру әдістемесін жетілдіру оқушылардың өзіндік жұмыстары арқылы шығармашылық ойлауын дамыту имәселесімен тығыз байланысты. Балалардың ойлауының және өзіндік әрекет етуінің дамуында тұтас педагогикалық үдерісті және оның тиімділігін арттыру мүмкіндіктері бар. Дамыта оқыту әдістемесін құруда әдістеме психологиялық ғылымдардың жетістіктеріне сүйенуі қажет. Адамның психологиялық қалыптасуы – бұл оның психологиялық үдерісті жүзеге асыру қызметінің қалыптасуы. Баланың дамуы оның оқыту үдерісінде қандай әрекет орындауы мазмұнына тікелей байланысты.

Қазіргі кезеңде отандық білім беру жүйесіндегі түбірлі өзгерістер, заманауи мектептің моделін құруда маңызды мәселелердің бірі ретінде оқушының өзіндік дамуы, өзін жетілдіруі, өзін – өзі басқаруы арқылы шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу. Бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудің мазмұны жаңа білімді игеруде табанды, жаңа жағдайға бейімделуге икемді, құндылық бағдарлы, оқу-танымдық дағдыларын тәжірибеде қолдана алуын құрайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы жетінші басымдығы «Адами капитал – жаңғыру негізі» бойынша қазіргі білім берудің жаңа сапасын арттыруда барлық өңірлердегі Оқушылар сарайларының базасында компьютерлерді, лабораторияларды және 3D-принтерлерді қоса алғанда, барлық қажетті инфрақұрылымдары бар балалар технопарктері мен бизнес-инкубаторларының желісін құру туралы атап өткен болатын [1]. Бұл өз кезегінде оқушылардың өз бетінше жұмыс орындауы барысында өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуды қамтамасыз етеді.

Өздігінше әрекет ету және дамыған шығармашыл ойлау – бұл адамның сапасы, іс-әрекетті саналы таңдай алуымен және оны жүзеге асырудағы шешімді қабылдауымен сипатталады. Баланың өз бетінше әрекет ете алмауы және шешім қабылдау алмауының салдарынан білімді терең меңгере алмайды.

Өзіне-өзі сенімділік белсенділікпен тығыз байланысты, ол өз кезегінде таным үдерісіне қозғаушы күші. Өзіне-өзі сенімділігі төмен оқушы пассив, ойлау қабілетін тежейді, нәтижесінде алған білімін тәжірибеде қолдана алмайды.

Оқушылардың өзіндік жұмысы оқыту үдерісінің ажыратылмас бөлігі. Өзіндік жұмыс әдістері оқушылардың жаңа білім және іскерліктерді игерудегі өздеріне сенімділігі деңгейіне байланысты бөліп қарастырылады.

Өзіндік жұмыстар әдістемесінің сипаттамалық ерекшеліктері оқушылардың мұғалімнің

жетекшілігінсіз оқ тапсырмаларын өз беттерінше орындауымен анықталады.

Өзіндік жұмыстарды орындау әдістері:

1. Оқулықпен, әдебиеттермен жұмыс;
2. Жазбаша жұмыстарды өз бетінше орындауы;
3. Есептерді өздігінше шешу әдістері және т.б.

Мұғалім оқушылардың өз беттерінше орындап жатқан тапсырмаларын сырттай бақылайды, егер оқулық мәтінін меңгеруде қиындық туған жағдайда сабақ соңында немесе келесі сабақта қосымша түсіндіреді. Өз бетінше орындайтын жұмыс мазмұнында тек бір ғана оқу тапсырмасы немесе бір есепті шығару емес, сонымен қатар сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты қабылдау мүмкіндігіне орай бүтін параграфты оқып-зерттеуге тапсырма беруге болады. Мәтінді оқып және қойылған бақылау сұрақтарына жауап берген соң мұғалім қорытынды әңгіме ұйымдастырады және оқушыларды қатыстыра отырып сабақта оқыған ақпараттарды бекітеді.

Өзіндік жұмысты орындауда келесі мақсаттарды орындау керек:

- ойлау операцияларын дамыту: талдау, салыстыру, жинақтап қорытынды жасау және т.б.;
- шығармашылық ойлауды дамыту үшін тренинг жасау;
- оқушылардың іс-әрекеттік қызығушылығын қолдау;
- ақыл парасатты игеріп, ойлау, сезім қабілеттерін арттыру;
- шығармашыл тұлғаның сапасын дамыту: танымдық белсенділігі, мақсатқа қол жеткізудегі табандылығы, дербестігі, жеке шешім қабылдай білуі;
- күрделі мақсат идеясы (оқушының алдына барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);
- оқушылардың өзін-өзі шығармашылық басқаруы;
- өзіндік талдау (оқушылардың жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау);
- ерікті таңдау (мұғалімнің оқу материалының жақсы меңгерілуі мақсатында сабақ уақытын өз бетінше пайдалануы);
- пәндер бойынша оқушылардың оқу үлегрімдерін үнемі бақылап отыру.

Педагогикалық, психологиялық зерттеулерде оқыту үдерісінде оқушылардың өзіндік танымдық іс-әрекеттерінің дамуының төрт кезеңін бөліп қарастырады және олардың әрқайсысының өз жоспары мен мақсаты бар екендігін анықтаған:

- алдағы атқаратын жұмыстың мақсаты мен жоспарын оқушы мұғалімнің көмегімен құрастырады және жүзеге асырады;
- тек мақсатын мұғалімнің көмегімен құрастырады, ал жоспарлауды оқушы өзі орындайды;
- мұғалімнің берген тапсырмасы шеңберінде оқушы іс-әрекеттің мақсаты мен жоспарын өз бетінше құрастырады және жүзеге асырады;
- жұмыс оқушының бастамашылдығымен жүргізіледі, мұғалімнің көмегінсіз жұмыстың мақсатын, мазмұнын, жоспарын өзі құрастырады және оны өз бетінше орындайды [2].

Мұғалім дискуссия, дебат, пікірталас әдістерін тиімді қолдана отырып, оқушылардың өзіндік пікірін ұсына алуы мен оны қорғап, дәлелдей алуына қолайлы жағдай жасағанда, өзіндік ұтқыр шешімдерін ұсынуына мүмкіндік бергенде ғана олардың өз бетінше жұмыс атқара алуы мен дербес шешім қабылдай білуінің дамуына ықпал етеді. Осы тұрғыдан қарастырғанда оқушының өзіндік іс-әрекетін дұрыс ұйымдастырып, жоспарлай алуы мен мақсат қоя білуіне және сол алдына қойған мақсаттарына жеңісті жету жолдарын қарастыра алуына жағдай жасалады. Оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады. Солардың ішіндегі ең тиімдісі (ізденушілік) – оқушының ғылыми қоғамын ұйымдастыру. Биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды. Зерттеушілік процесс барысында оқушылар белгілі фактілер мен құбылыстарға берілетін түсініктемелер мен дәлелдеулерді өз бетінше іздестіріп, түсінуіне тура келеді.

Сондықтан, мұғалім оқушылардың оқу танымдық үдерісіне белсенді қатысуы және оны басқаруы үшін келесі әдіс-тәсілдерді меңгеруі қажет болады:

- сабақта оқушылардың жеке өзіндік орындаушылық жұмыстарының элементтерін кең түрде ендіре отырып, оқыту әдістерін түрлендіріп отыру;
- оқушылардың білімін, іскерліктерін бақылау, бағалау түрлерін, әдістерін жетілдіру;
- әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек;
- оқушымен жеке жұмыстар түрін кеңінен қолданып отыру. (Кесте -1.)

Өзіндік жұмыстар әдістері оқушылардың білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін

шешуде пайдасын тигізе алатындай жағдай жасағанда ғана саналы түрде оқу үдерісіне қолдана алады[3].

Өзіндік жұмыстарды қолдану тиімділігі:

- оқушылардың оқу әрекетіндегі өзіндік шешім қабылдай білуі, шығармашылық ойлауын дамыту үшін;

- оқу материалын өз бетінше меңгеру мүмкіндігі болған жағдайда;

- нақты тақырыпты оқушылар өз беттерінше меңгеруге дайын болған жағдайда;

- өзіндік жұмыстарды орындау үшін дидактикалық материалдар және оны сабақта ұйымдастыруға уақыт жеткілікті болған жағдайда жүзеге асады.

Өзіндік жұмыстардың ұйымдастырылуы мен өзіндік жұмыстарды жүргізу әдістері мен оқытудың басқада әдістерімен ұштастыра білген жағдайда тиімділігі арта түседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar

2. Бабанский Ю.К. «Методы обучения в современной общеобразовательной школе». - М.: Просвещение, 1991г.

3. Кабалевский Ю.Д. «Самостоятельная работа учащихся в процессе обучения математике». - М.: Просвещение, 2005г.

УДК 101.3:793.3

Абуов Амрекул Ергешұлы

Философия ғылымдарының докторы

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының жетекшісі

+7 707 970 64 62, + 7 771 891 7310

Абеуова Шұға Құрманәліқызы

Ф.зк., ҚР ПФА корр.-мүшесі

Қазіргі қазақстандық қоғамның мәдени тұтастығының мәні.

Қоғамдық ғылымдарда мәдениет ұғымына көптеген анықтамалар берілген. Соның барынша толығырақ және ғылыми қуымдастық қолдайтын формасы былайша айтылады: «Мәдениет дегеніміз – адамдар жасаған материалдық және рухани игіліктердің жиынтығы». Натура, яғни, табиғатқа жатпайтындардың барлығы мәдениет болып табылғандықтан, оны кейде «екінші табиғат» деп те атайды. Мәдениеттің негізгі екі түрі бар: материалдық және рухани. Ал аймақ бойынша: ұлттық және жалпыадамзаттық деп бөлінеді.

Ұлттық мәдениет белгілі бір этносқа тән болғанмен, сол мемлекетті мекендейтін басқа халықтар сол елдің мемлекетінің тұтас мәдениетін құрайды. Осыған орай, елімізде жергілікті ұлт қазақ халқы мәдениетін негізге алған қазақстандық мәдениеттің өзіндік бір үлгісі қалыптасты.

КСРО ыдырағаннан кейін, еліміз тәуелсіздік алып, мәдени дамудың екі бағытын ерікті түрде қолға алды. Біріншісі, ұлттық мәдениетті дамыту, екіншісі, жаһандану заманына сәйкес, дүниежүзілік мәдени сұхбаттастық кеңістігіне ену.

Ендеше, отандық заманауи мәдениеттің мынадай өзіндік ерекшеліктерін атап өтуімізге болады.

Біріншіден, заманауи қазақстандық мәдениет уақыт бойынша екі тұрғыны қамтиды: тарихилық пен логикалықтың, дәстүршілдік пен жаңашылдықтың, өткен мен бүгінгінің бірлігі.

Тарихилық пен дәстүршілдік арнасы халқымыздың бүкіл тарихының өн бойына сіңірілген рухани саланы, атап айтқанда, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымызды, тіліміз бен дінімізді, ұлттық мораль мен саясатты, ағартушылық пен білімді т.б. Ал материалдық сала бойынша тарихи ескерткіштер, өнер жәдігерлерінің заттық бейнелерін қамтиды.

Жанашылдық пен заманауилық құрылымында қазіргі кезеңдегі адамзат игіліктерінің жетістіктері, өркениет белгілері, жаһандандудың мәдени элементтері қамтамасыз етіледі.

Екеуінің үйлесімділігі мен кіріктірілген белгілері де қазіргі заманғы отандық мәдениеттен айшықты көрініс тауып келеді: үш тұғырлы тіл, тарихи мәдениет үлгілерін модернизациялау мен модификациялау, заманға лайықтау, өткен мен бүгіннің синтезделген өнер түрлері т.б.

Мәселен, музыкадағы фольклор, электронды домбыра – дәстүрлі музыкалық туындыларды модернизациялау т.б. Сәулет өнерінде – Астанадағы бәйтерек және барлық тарихи ескерткіштер, Елтаңба мен туымыздағы тарихи рәміздер т.б.

Екіншіден, отандық мәдениет әлемдік жаһандану заманындағы постмодернизм бағытындағы ұстанымдармен де орайласып отыр. Бүкіл ғылым, ақпараттар, өнер, әдебиет салаларының кейбір туындылары модернистік-постмодернистік сипат алып келеді. Мәселен, бейнелеу өнері туындыларындағы абстракционизм, кубизм, инсталляция, сюрреализм т.б. атап айтуға болады.

Үшіншіден, отандық мәдениет әлемдік мәдениеттің дамуымен орайласып, жалпыадамзаттық мәдени өлшемдер аясында өркендеп келеді. Ғылым дамуы мен интеллектуалдық, мораль мен этика, классикалық өнер формалары т.б. бүкіл әлемдік мәдениет аясында даму үстінде.

Төртіншіден, заманауи отандық мәдениеттің тағы бір ерекшелігі мемлекеттік қолдау арқылы өрістеу үстінде. Жарияланған мәдениет жылы, кинофильмдер мен мультфильмдерге, ғылым мен білім жобаларына бөлініп жатқан қаражаттар, көне тарихи жәдігерлер мен ескерткіштерді қайтадан реставрациялау т.б. осының айғағы.

Бесіншіден, аймақтық жаһандану бойынша, «түбі бір түркі елі» деген ұстаныммен тұтас түркі халықтарының мәдени сұхбаттастығы қолға алынған: әр түрлі фестивальдар, кокурстар т.б. өткізіліп келеді.

Алтыншыдан, КСРО дәуіріндегі атеизм салдарынан тиым салынған және қудалауға ұшыраған ислам діні бүгінгі таңда қанатын кеңге жайып, қолданылуы аясын кеңейтіп келеді, бірнеше мешіттер мен діни орындар бой көтерді.

Еліміздегі рухани жаңғыруды іске асырудың өзі таза руханиятқа ерекше көңіл бөлуді басшылыққа алады. Бұны Елбасы Н. Назарбаевтың өзі мақаласында былайша атап өткен болатын: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды».

Ғылым мен білімге, мәдениет пен өнерге баса назар аударып, одан әрі дамытуды мақсат еткен бұл стратегия тек экономика ғана емес, қоғамдық өмірдің рухани саласының да кешеуілдеп қалмауын негізге алады. Сондықтан, сәйкесінше, рухани мәдениет те рухани жаңғыру ұстанымдарына сүйене отырып, әрі қарай өркендеуге бет бұрып келеді. Рухани жаңғыру аясындағы мәдени туындылар да жаңаша серпін алуы тиіс. Атап айтқанда, біріншіден, үш тұғырлы тіл, оның ішінде қазақ тілін басымдылыққа ала отырып даму бағдары.

Қазақша мультфильмдер мен фильмдердің түсірілуі, ғылыми әдебиеттердің қазақ тіліне аударылуы, отандық авторлардың туындыларының шет тілдеріне аударылуы, ағылшын тілінің ерте мектеп жастағы балаларға да оқытылуы т.б.

Екіншіден, ұлттық код пен отаншылдыққа тәрбиелеуді негізгі алу және бұл арнаны одан әрі дамытуды қолға алу. Мәселен, тарихи кітаптар, тарихи фильмдердің шығарылуы жастардың бойында елі мен жеріне деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға игі ықпал ете алады. «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады», -деп атап көрсеткен Елбасы ұлттық кодтың негізі оның тарихи тамырлары екендігі туралы пайымдаған болатын.

Үшіншіден, білімнің салтанатын негізгі алып даму. Осыдан бірнеше жыл бұрын оқылуға тиісті «100 кітап» белгіленген еді. Рухани жаңғыру саясатын жүзеге асыру қолға алынып отырған шақта, бұл бағдарламаны одан әрі өркендету де маңызды істердің бірі болып отыр. Үш тілділік, ағылшын тілінің курстарының ашылуы, жоғары оқу орындарындағы ағылшын тіліндегі пәндердің енгізілуі т.б. білім салтанатын негізгі алады.

Білім салтанатында, сонымен қатар мәдени туындыларды да игеру, сөйтіп көркемдік танымды, эрудицияны одан әрі кеңейту де сұранып тұрған заманауи қажеттілік.

Төртіншіден, мәдени туындылардың бәсекеге қабілеттілігін де басты назарда ұстау керек. Мәселен, қазақ кинолары әлемдік деңгейдегі конкурстарда биік белестерден табылып жүр. Осы бағыт өнер туындыларының сапасы мен мазмұнының тереңдігін, әлемдік туындылармен қатар тұруын, кейде олардан да басым болуын талап етеді. Бәсеке нарық заманындағы үдеріс. Сондықтан, бүгінгі таңда тек экономикалық қана емес, рухани-мәдени бәсекелестік те жаһандану заманындағы басты талаптардың бірі. Ғылымдағы бәсекелестік, ғылыми еңбектер мен ашылған жаңалықтардың әлемдік деңгейде болуы да осы рухани жаңғырудың аса маңызды буыны. Биылғы жылғы Астанада өткізілген ЭКСПО көрмесі,

бір қырынан, еліміздегі өнертапқыштықтың, интеллектуалдылықтың, ғылыми жаңалықтардың бәсекелестігін қамтамасыз етуге арналды. «Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін», -деп атап өткен Н. Назарбаевтың мақаласындағы сөзі де осыны меңзейді.

«Цифрлы Қазақстан» физика, кибернетика, информатика ілімдерін одан әрі дамытуды талап етіп отыр. Сонымен қатар, барша қазақстандықтардың цифрлы өмірге бейімделу жауапкершілігін арттырады.

Рухани жаңғыру кезеңінде біздің дініміз және жалпы еліміздегі діни климат та конфессияаралық келісімділік аясында қызмет етуі тиіс. Діннің қоғамдағы қызметі мен ықпалы күрделі мәселелердің бірі болып саналады. Бұны әлемдегі діни экстремизм мен терроризмнен-ақ байқауға болады. Оның алдын алу шараларының бірі – дін аралық келесімділік пен діни төзімділікті сақтау және оны әрі қарай нығайту болып саналады. Сондай-ақ, дін рухани мәдениеттің маңызды салаларының бірі екендігі сөзсіз. Ендеше, діннің қоғамдағы орны мен ролін күшейту және оның игілікті тетіктерін қадағалап отыру маңызды шаралардың бірі деп айта аламыз.

Ұлттық болмысты өркендету мен ұлттық сана өрісін кеңейту мақсатында біз тарихилыққа көбірек көңіл аударуымыз керек. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып, тіл мен діл, ұлттық этика мен ұлттық саясат т.б. ұлттық сананың бірегейленуінің негізгі тетіктері мен материалдары болып табылады. Біз ұлттық болмысты өркендетудің белгілі бір сатысына көтерілдік, бірақ оны әрі қарай өрістету ұлттық бірігейлікті нығайта түсуге қарай бет бұрып отырған қадам.

Сонымен қатар, жалпыадамзаттық мәдениет салаларының ұлттық форматтарын қалыптастыру мен оларды әрі қарай жандандыра түсу де рухани жаңғырудың үздіксіздігінің басты талаптарының бірі болып отыр: ғылымда, әсіресе, қоғамдық ғылымдардағы – этнопедагогика, этнопсихология, ұлттық философия т.б.; саясат пен экономикадағы – ұлттық саясат пен ұлттық экономика, өнер түрлеріндегі – ұлттық өнерлер; моральдегі – ұлттық мораль т.б.

Прагматизм мен рухани мәдениет кей жағдайда бір-біріне сәйкес келмеуі де ықтимал. Дегенмен, руханилық та нақтылықты, тиімділікті, нәтижені талап етеді. Мәселен, түсірілген кинофильмдер өзінің түсіру шығындарын қайтарап алуы керек, тек отандық кинотеатрларда ғана емес, шет елдерге сатылып, қаржы құюы тиіс.

Рухани жаңғыру негізінде отандық мәдениетті одан әрі өркендетудің де өзіндік бағдарлары бар. Бірінші, ұлттық мәдени қауіпсіздікті сақтау. Қауіпсіздік тек қана экономика мен саясатта ғана емес, рухани мәдениет арнасы үшін де қажетті құбылыс болып табылады. Ол үшін сын-қатерлердің адын алуымыз керек. Бұл мәселені де Н Назарбаев өзінің мақаласында былайша сауал ретінде тастайды: «Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін?».

Бұл дегеніміз әбір ұлт немесе мемлекет өзінің дербес даму жолын да жіті қадағалап, сақтап отыруы тиіс дегенді білдіреді. Мәселен, қазіргі әлемдегі идеологиялардың кей сәттерде жағымсыз тұстары байқалып қалады немесе біздің ұлттық құндылықтарымызға сай келмейтін идеялардың сіңірілуі. Мәселен, бір жыныстылардың заңдастырылуы, діни жат пиғылдық идея т.б. атап өтуге болады. Себебі, қазіргі отандық кеңістігімізде де еуропаландыру, америкаландыру, арабтандыру, т.б. әр түрлі идеологиялар тарап отыр. Міне, осы идеологиялардың ықпалдарын қабылдауда бізге сүзгі керек, бұл – ұлттық код арқылы жүзеге асатын құрылым.

Сонымен қатар, мультикультурализмнің, постмодерндендірудің жағымсыз жақтарының алдын алу да қауіпсіздік шаралары болып табылады. Мәселен, постмодернизмнің кейбір бағыттары біздің ұлттық діліміз мен дүниетанымызға сай келе бермейді.

Рухани жаңғыру аясында ұлттық мәдениетті дамыту ол бір сәткі акт емес, үздіксіз жүріп отыратын және болашаққа бой сермейтін үдеріс болып табылады. Даму мен өркендеу жаңғыруды, жаңаруды, модернизацияны, модификацияны, инновацияны керек етеді. Мәдениетіміздің одан әрі өркендеуінің басты бағдарларының бірі – ұлттық код. Ұлттық кодты негізге алып даму бірден-бір сенімді, адастырмайтын бағдар. Мәселен, Әдет-ғұрып пен салт-дәстүр институты – халқымыздың тұрмыс тіршілігіндегі бихевиоризм қағидасы бойынша сүйеніліп жүрген; байқап көру – қателесуді, рухани-әлеуметтік тұрғыдан кері кетудің немесе адасудың алдын алып отыратын жалпылама канондық, барынша абсолютті өмірлік ұстаным ережелері мен ғұмыр кешудің нақты және тұтас бейнесі болып табылады және ұлттық трансцендентальді руханияттық императивтер жүйесіне айналады. Бұнда әуел бастан-ақ бәрінің жауабы нақты берілген, тығырыққа тірелгенде немесе «өмір сүрудің қай жолы дұрыс» деген сауал тасталғанда, ата-баба дәстүріне сүйеніп ғұмыр кешу ұстанымы мыңдаған жылдар бойғы тарихты құрайды. Себебі, ол бір күнде-ақ пайда болған, не мистикалық тұрғыдан тылсым күштер арқылы жіберілген бір сәттің туындысы емес, халықтың мыңдаған жылдар бойғы өмір

сынағынан өткізілген, шындалған, жүйеленген, сұрыпталған, тиімсіздері мен қажетсіздері алынып тасталынған өмір сүрудің формуласы іспеттес айқын тұғырнамасы деп те айтуымызға болады. Демек, қайта-қайта өмір сынағынан өткізіліп, өміршең кейіпке енген, өзінің тиімділігі мен ондылығын дәлелдеген, халықтың ділі мен дүниетанымына үндескен дала заңдарының стихиялық көрінісі.

Ал ұлттық код осы әдет-ғұрып пен салт-дәстүр институтымен сабақтасады. Сондықтан ұлттық мәдени құндылықтарды одан әрі өрістету – маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Мысалы, осыдан, бірнеше жыл бұрын кеңестер Одағы дәуірінде біз музыка саласында көбіне орысша әндерді тыңдайтын болсақ, қазіргі таңда жас қазақ әншілерінің буынының пайда болуы мен олардың тек қазақша әндерді шырқауы үлкен серпіліс алып келді.

Осыған орай, біз рухани мәдениет аясындағы ұлттық рух негізінде әрі қарай дамытуды, аясын кеңейтуді сұранып тұрған салаларды атап өтуімізге болады.

Музыка саласында: домбырамен, қобызбен айтылатын халықтық әндер соңғы кездері өнер сахнасына сиректеу шығып отыр.

Қолөнер мен тігін өнерінде тігілген ұлттық киімдерді тұрмыстық өмірде де қолдану және оларды заманауи киім үлгілерімен комбинациялау да әрі қарай дами түсуі тиіс.

Архитектурада тарихи ғимараттар үлгісіндегі кешендерді тұрғызу. Оның кейбір белгілері бар, дегенмен, біз көп жағдайда классикалық және модерндік стильдерге көңіл аударамыз.

Кино өнері саласында тарихи кинолар мен мультфильмдерді одан әрі көбейте түсу және олардың сапалық-мазмұндық жақтарына көңіл аударып, әлемдік бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру.

Барлық өнер мен мәдениет мұраларында ұлттық нақыштардың қолданылу аясын кеңейту. Қазір тұрмыстық-техникалық бұйымдар елімізде өндіріліп, «Қазақстанда жасалған» деген белгімен таралып жатыр. Осы өнімдерде де ұлттық рәміздердің көріністері байқалып отырылуы тиіс.

Әдет-ғұрпымыздың арғы себебі белгісіз болып келе жатқан ішкі мағынасын ашып беру және оларды тұрмыста қолданудың қажеттіліктерін құру.

Рухани мәдениетті толықтай коммерциализациялауға болмайды. Дегенмен, нарықтық талаптарға сай кейбір мүмкін болатын салаларды нарықтық сұраныстарға сай ретке келтіріп отыру да болашақтағы мәдениет дамуындағы маңызды қадамдардың бірі болуы тиіс.

Ақпараттық технологиялық даму аясында олардың тетіктері мен қызметтерін жетік меңгеріп отыру, заман талабынан қалмау да адам санасының ашықтығы мен мәдени-тұрмыстық өмірге бейімделуінен туындайды.

Заман талабынан туындап отырған латын әліпбиіне көшуге дайындықты күшейту. Қазірден бастап, барлық ақпараттарды, әсіресе, оның жазба түрлерін бірте-бірте латынға ауыстыру.

Сананың ашықтығына сай біздің мәдениетіміз де барынша ашық болуы тиіс. Мәдениеттер сұхбаттастығы өзге халықтар мен ұлттардың мәдениеттерінің озық үлгілерін игеріп, біздің озық мәдени құндылықтарымызды әлемге тарату, бұл – еліміздің әлемге әйгіленуінің маңызды шарттарының бірі болып отыр. Оның бастамасы да жоқ емес. Мәселен, дәстүрлі тағамдарымыз: қымыз бен шұбат, қазы т.б. қазіргі таңда бүкіл әлемді мойындатқан. Сондай-ақ, бейнелеу өнеріміздегі, музыкадағы, қолөнердегі т.б. озық шедеврлерді де бірте-бірте әлемдік мәдени кеңістікке жариялау да келешектегі мәдени дамудың маңызды шарттарының бірі болмақ. Бүгінгі таңда спорт саласында, әсіресе, жекпе-жек сайыстарына негізделген түрлерінде Қазақстан әлемге танымал болып келеді. Осы беталысты одан әрі кеңейту де келешектегі мәдени-рухани дамудың талаптарының бірінен саналады.

Өркениетті дамыған 30 едің қатарына ену стратегиясы тек экономикалық салада ғана емес, сонымен қатар мәдени-рухани саланы қамтиды. Сондықтан да, отандық мәдениетіміз қашанда озық үлгілермен, әлемдік мәдени туындылармен бәсекелесетіндей болып дамуы тиіс. Мәселен, бүгінгі күнге дейін, мәдени және ғылыми озық туындылар бойынша берілетін әлемдік «Нобель сыйлығына» бірде бір қазақстандық ие бола алмай отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рухани жаңғыру/ http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293

2. Қ.Ж.Рахметов, А.Н.Болатова, З.Н.Исмағанбетова. Саясат-тану. Оқу құралы. Алматы: «Өлке», 2005.-176 бет

3. Жукоцкий И. Основы современного гуманизма// Глобализация и гуманизация: культурно-историческое и политологическое измерение гуманистических традиций. Учебное пособие. Нижневартговск, 2005.-350с.

4. Кефели И.Ф. Социальная природа глобализма//Перспективы человека в глобализирующемся мире / Под ред. Парцвания В.В. СПб.: Санкт-Петербургское философское общество, 2003

5. Назарбаев Ә.Н. Ұлттың ұлы мұраты жолында ұйысайық// Қазақ әдебиеті, № 23 (3079) 6-12 маусым, 2008ж .

6. Ғабитов Т.Х., Мүтәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениет-тану: Жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық.-Алматы: Раритет, 2004.-416 бет

ГРНТИ 06.81.23

Додаева Қ.Ж.

*гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Қазақтың Спорт және туризм академиясы.*

Дүйсенбайқызы А.

*гуманитарлық ғылымдар магистрі
Абай атын.ҚазҰПУ*

Шәкәрім философиясының қазіргі замандағы танымдық құндылықтары.

Аннотация

Познание это – основа развития человеческого сознания. Процесс познания начинается с возникновения реакций материальных вещей к органам чувств. В видении Шакарима понимание жизни состоит из взаимосвязи души и тела. По мнению Шакарима, человечность не только личностное понятие, время играет немаловажную роль в этом вопросе.

Cognition is the basic of development of human mind. The process of cognitions begins with the reactions of material things to the feeling recipes. In Shakarim`s views and understanding – the mean of life is consist of body and souls intertwined. According to Shakarim, the concept of humanity is not only personally thing, the time also play a notorious role in this matter.

Таным – адам санасын дамытудың негізі болып табылады. Біздің түйсіктеріміз, қабылдауларымыз, түсініктеріміз және ұғымдарымыз бен теорияларымыз – бұлар объективтік дүниенің субъективтік образдары, практикалық қызметтің формалары.

Адамдардың дүниені тануы, қоғамға деген көзқарасы, таным процесін қалыптастыруы, ойлауы әр түрлі болып келеді. Өмірді танып, түсіну уақыт өткен сайын өзгеріп дами түседі.

Айналадағы дүниені тану – күрделі, қайшылықты процесс, оған шындықты белсенді, творчестволық бейнелеудің белгілі бір жүйелілігі мен өзара байланысы болып табылатын әр түрлі формалар кіреді.

Сондықтан таным процесінің қандай да болсын материалдық заттардың сезім мүшелеріне ықпал етуі нәтижесінде туатын әсерлерден басталады. Осындай философиядағы күрделі ұғым таным процесінің қалыптасуы, таным генезисінің, дүниеге деген көзқарасының тереңдігі мен ойшылдығы тоғысқан Шәкәрім философиясы қазіргі заманда өте өзекті, құнды, өзіндік ерекшелігі мол шығармалары мен еңбектері бізге жетті.

Қазақ философиясының негізін қалаушылардың бірі, көрнекті ойшылымыз Шәкәрім дүниетанымы көбіне мораль философиясына жақын. Кант философияда тұңғыш рет мораль ерекшелігі жөніндегі мәселені қарастырған болса, Шәкәрім дүниетанымы да көбіне мораль философиясы мен ар ілімін қамтиды. Философты мораль нәтижесі ғана қызықтырмайды, сол нәтижеге, яғни объект жөніндегі ақиқат білімге апаратын жол да қызықтырады. Осы ақиқатқа жету жолында барлық ғалымдар, ойшылдар аянбай ізденіс жолында болып еңбек етті. Өз тұжырымдарын дәлелдеп, ғылымда сан түрлі теориялар қатарын толықтыра түсті. Шәкәрім де мораль, ар ілімдерін айта отырып, өскелең ұрпаққа келелі кеңестер береді.

Шәкәрім дүниетанымында тәңір, нұр, күн, табиғат – қасиетті, киелі ұғымдар.

Еңбекке шыда, ебін тап та,

«Сабырдың түбі – сар алтын».

Өзімшіл болма, көпті ардақта,

Адамның бәрі – өз халқың.

Осы бір шумақ өлең жолында ойшылдың қаншама халқына айтар мағыналы да мәнді ойын байқаймыз. Шәкәрім философиясы тұнып тұрған ғылымға, ақылға, парасаттылыққа толы. Оның әр бір шығармасынан рухани қазына, тағылымы мол тәлім-тәрбие алуға болады.

Алла тағала адамды нендей мақсатпен жаратқан. Адамды Алла ізгі іс, ізгі мақсұтпен жаратқан. Шәкәрім бұл сұрақты тек адамға ғана қатысты қойған. Сондықтан адамда ең негізгі оны адам етіп тұрған адамшылдығы, ақыл-ойы. Ақыл-ой тек қана адамға ғана тән. Адам сондықтан сол ақыл-ойға тән әрекеттер жасау шарт. Адамды басқа тірі тіршілік иелерінен өзгешелендірген ақыл-ойы. Бұл өмірге адам болып келген соң, ар намысыңды биік ұстап адам болу парызың. Ойшылдың барлық адамдарға айтар насихаты адал еңбек, нұрлы ақыл, адамгершілік қасиет болғанда ғана нағыз толыққанды адам болып қалыптасатынымызды айтады.

Осы ақыл-ой арқылы адамдар өзінің жаратушысын тануы, өзін-өзі тануы. Адам өзінің бір ғана берілген ғұмырын қор қылмай тек орынды әрекетпен, адамшылдыққа сай өмір сүруі. Адамдық болмысын түзеу, адамға сай құндылықтырға қол созу, адам өзінің бойындағы ізгі қасиеттерді сақтау, бір ғана берілген ғұмырын қор қылмай адам деген атта өмір сүру. Өзін тану, өзін жаратқан Алланы тану. Алла тағаланың адамды жарату мақсаты – жаратушы болуының айғағы. Адамның мақсаты – Жаратушыны тану. Жалпы Шәкәрімнің дүниетанымында тіршілік дегеніміз – жан мен тәннің бірлігі. Шәкәрім адамның адамшылдығы дегенде жеке бастың мәселесін емес, оның заманға қатысты жағынан айтып тұрған секілді. Адамның заманды өзгертпекші болуы немесе құраралық іс, адам қанша арман, қиялға берілгенімен, ол өзінің табиғатынан асып шыға алмайды. Шәкәрім адамның адамшылдығы дегенде жеке бастың мәселесін емес, оның заманға қатысты жағын айтып отыр. Мұнда көбіне біз адам арқылы заманды танимыз ба, әлде заман арқылы адамды танимыз ба? Бірақ заманды өзгертуші, бәрін жасаушы адам. Сондықтан «заманына қарай адамы» деген орынды түсінік. Ғылым дүниені әрі түзетуші, әрі қарайтушы дейді Шәкәрім. Расында да, заманды жасайтын адам дейміз. Қазіргі күні осы Шәкәрім философиясы адамдарға ауадай керек. Рухани азған адам мен небір сұмдықтар орын алып жатқан қоғамда, біздің ішкі жан дүниемізді нұрландыратын таптырмас асыл мұра.

Ғылым қаншалықты қарқындап дамып, күн өткен сайын тың жаңалықтар ашылғанымен, оның табиғи күйіне келтіріліп жатқан зиянды да ұмытпаған орынды. Ойшылдың да «Ғылым дүниені әрі түзетуші, әрі қарайтушы» деп тереңнен орағытып, ой тастай айтып отырғаны осы болар. Адам өзгеріс жолына түскен сайын құпияға айналмақ, адам құпиясы ашылса, дүние ойран болмақ. Адам құпиясы дегеніміз – адамның өмірі мен өлімі. Салихалы дұрыс өмір сүру, әр адамның жеке дүниетанымына тікелей байланысты.

Замана озған сайын білім молайып, адамдар білімді бола бастайды. Мұның нәтижесінде күн озған сайын, білім молыққан сайын, адамдар білімді бола бастайды. Ал білімі молыққан сайын адам өзін адам емес күйге бастай бермек. «Адам емес, күй», – деп отырғанымыз өзінің жаратушысы берген табиғатын місе тұтпай, өзін жетілдірмек мақсатында өз болымысынан шығып кету қауіпі. Заман өткен сайын адамның адамгершілігі түзеліп бара ма, бұзылып бара ма деген сауалға, бәріне жауапты адам. Адамды өзгертетін ол мына қоғамда дамып жатқан технологияда емес, әрбір адамның өзінің ақыл-ой санасына байланысты болатын әрекеттер. Қаншама жылдар бұрын өмір сүрген ойшылымыздың айтып отырған философиялық ойлары тура бүгінгі біз өмір сүріп жатқан заманның нақты әрі өзекті тақырыбы болып отырғанын айқын байқаймыз.

Әрбір адамның адамшылдығы ол қоғамның дамуына өте күрделі әсер ететін құндылықтардың бірі емес пе еді. Тағдырды тағдыр ететін адам, Шәкәрімнің бұл сауалына біз әр түрлі жауап бере аламыз. Замана озған сайын адам әр түрлі тұжырым-ойлармен толыға түспек, бірақ, сірә, адамның соты адам емес пе, оның Жаратушысы болғаны табиғи түсінік пе деген пікірдеміз. Демек, адам азғындалып кетпес үшін адамгершілік қасиеттен айрылмай, ар намыс ұғымдарын биік ұстау керек екенін баса айтады.

Шәкәрімнің дүниетанымындағы өзекті мәселелердің бірі ел басқару жөнінде. Шәкәрім Құдайбердиев халықтың мұнын мұндап, жоғын жоқтайтын мемлекеттік биліктегі лауазымды адамдардың еш уақытта азғындық пен бұзақылық жолға салынып кетпеуін армандайды. Мемлекетті азғындық жолдан тазарту және орынсыз әрекеттердің қоғамда көбейіп кетпеуі үнемі адамдарды ойландыратын мәселе. Жалпы Шәкәрім Құдайбердиевті тарихта екі бейнеде көрсетеді. Бірі қырыққа дейінгі Шәкәрім, бірі қырықтан кейінгі Шәкәрім. Қырыққа дейінгі Шәкәрім – ел билеген, болыс болған Шәкәрімнің бейнесі, қырықтан кейінгі Шәкәрім – артқы ұрпағына өлмес із қалдырған, ізгілікке жол ашқан Шәкәрімнің бейнесі. Бұл екі кезенді қамтитын ойшылдың өмірі мен өнегесі біз үшін өнегелі өмір жолын көрсетеді.

Шәкәрім мемлекеттік билік, ел басқару кез келген адамға кері әсерін тигізеді деп таныған.

Қайтседе билік адамға ерекше әсер ететін оның болымысын өзгертетін құбылыс ретінде есептеген. Содан кейін Шәкәрім өзінің болыстығын інісі Оспанға тапсырады. Қырықтан кейінгі Шәкәрім ол артқы ұрпағына өлмес құндылықтар қалдырып ізгілікке бастаған бейне.

Тамам жанды билемек,
Жалғыз өзі сөйлемек.
Мұның түбі не болар,
Үмітің болды не демек?
Досты мықты қылмасың,
Дұшпаныңды қырмақсың.
Аяғында сенде бір
Кішірек құдай болмақсың.

Шәкәрім Құдайбердиев жеке адамның шексіз билікке ие болуын «кішірек құдай болмақсын» деп қатты сынға алады. Биліктегі адамның халқына әділ қызмет етіп, адамшылдық заңдылықтарын бұзбай әділ ел билеуге шақырады. Себебі халықтың жағдайы оны басқарып билеп отырған басшысына байланысты. Қазақта «Балық басынан шірейді» деген мақал тегінен-тегі айтылмаса керек.

Шәкәрімнің дүниетанымы осының дәлелі емес пе? Қазақтың ұлы ғұламасы Шәкәрімнің дүниетанымының тууына себепкер болған немере ағасы Абай атамыздың айтқан сөздері есімізге оралады:

Өлді деуге болама ойландаршы.
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, -
деп мұның шешімін тапқан ойшыл Абайдың сөзі дәлел болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шәкәрім шығармалары. – Алматы: Жалын, 1988. – 580 б.
2. Шәкәрім. Энциклопедия / Бас ред. Е.Б.Сыдықов. – Семей: ЖШС, 2008. – 826-б.
- 3.Рахымжанов Б.К. ШәкәрімҚұдайбердіұлының дүниетанымына тарихи-философиялық талдау: – Алматы: 2005. – 121 б.
- 4.Тұрдықұл Шаңбай. Шәкәрімнің философиялық лирикасы. //Шәкәрімтану мәселелері. 3 т. – Алматы: Раритет, 2007. – 370 б.

МРНТИ 01.1023

Матжанова Қ.К.

*Гумнитарлық ғылымдар магистрі
Құрманғазы ат. Ұлттық консерватория*

Ж.Ж.Қуанышбаева

*Абай атын.ҚазҰПУ
PhD-философ*

Діни әлеуметтанудың тарихи-мифологиялық сипаты.

Аңдатпа

Мақалада дінтану ғылымының қалыптасу кезеңіндегі діндерді классификациялау мәселесінің барысы қарастырылады. Дінтану ғылымның бастауында тұрған зерттеушілер Ф.М.Мюллер, Пьер Шантепи де ла Соссе бұл мәселеге ерекше мән берілген болатын. XIX ғасырда діндерді зерттеген ойшылдардың басым бөлігі өзіндік классификация ұсынған. Мақалада Г.В.Ф.Гегельдің, Э. Ф. Гартман, К. П. Тиле, Г.Зибектің осы мәселе туралы тұжырымдары қарастырылған. Сонымен бірге, дін әлеуметтануы ауқымындағы көзқарастарға да көңіл бөлінген.

Аннотация

В статье рассматривается проблема классификации религий в период становления религиоведения. Основоположники религиоведения Ф.М.Мюллер, Пьер Шантепи де ла Соссе обращали особое внимание данной проблеме. Большинство исследователей религий XIX века выдвигали собственную классификацию религий. В статье рассматриваются воззрения Г.В.Ф.Гегеля, Э. Ф. Гартмана, К. П. Тиле, Г.Зибек по данному вопросу. Наряду с этим, уделено внимание и социологии религии.

Annotation

The article deals with the problems of classification of religions during the formation of religious studies. The founders of religious studies F.M. Muller, special attention is paid to this problem. Most researchers of religions of the nineteenth century put forward their own classification of religions. The article presents the views of G.V.F. Hegel, E. F. Hartmann, K. P. Thiele, G. Ziebek on a specific issue. Along with this, attention is paid to the sociology of religion.

Дінтану ғылымында діндерді жіктеу, олардың тарихи типтерін айқындау маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Дінтану ғылымы жеке сала болып қалыптаса бастаған кезден бастап, адамзат тарихындағы әртүрлі діндерді қандай негізде, қандай өлшемді пайдалана отырып жіктеуге болады сұрақ туындаған болатын. Осы мәселенің шешімдері ретінде XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы философиялық, салыстырмалы –мифологиялық және элеуметтанулық тұжырымдамалардағы діндердің тарихи типтері туралы көзқарастарды қарастыруға болады.

Қазіргі кездегі дінтану ғылымының негізін қалаушылардың бірі болып саналатын Фридрих Макс Мюллер өзінің «Дін туралы ғылымға кіріспе» еңбегінде: «Діндердің аса зор патшалығын қалай бөлуге болады? Діндер қалай классификациялануы мүмкін?», «егер, біз сенімнің әртүрлі диалектілерінің қанағаттанарлық классификациясын жасай алмасақ, онда біз шындығында дін туралы ғылымның болуы мүмкін емес екенін мойындауымыз қажет», – деген пікір білдірген болатын [1, 84 б.].

Барлығы қанағаттанарлықтай діндердің жуық типологиясын қалыптасуының өзі өте күрделі. Өйткені типке бөлу, зерттеу барысында типологиялық әдісті қолдану дегеніміз қандай да бір белгілері бойынша зерттелінетін нысандарды бөлу және топтастыру әрекеттерінің жиынтығы болып табылады. Типологизация нәтижесінде нақты нысандар мен құбылыстар үшін жиынтық үлгі болатын белгілердің тұрақты тобы қалыптасады. Нақты бір нысанның өзгермейтін, тұрақты белгілері оны сәйкес типке жатқызуға мүмкіндік береді. Ал тип ішіндегі нысандардың айырмашылығы кездейсоқ сипатта болады және олар әртүрлі типтердің өзара айырмашылығымен салыстырғанда маңызды емес. Осы типология әдісі арқылы әртүрлі ғылым салаларында қарастырылатын құбылыстардың негізгі типтері, түрлері қалыптастырылады. Діндерге байланысты типтер бірқатар діндерге ортақ белгілерді айқындайды және сол белгілердің негізінде сәйкес классификациялық топтар қалыптастырылады. Кез-келген типология шартты болып табылады. Ол нақты тарихи-діни тенденцияларды сипаттайды. Типтік топтастыру қандай да бір діндердің маңызды белгілерін, қасиеттерін, қатынастарын, функцияларын салыстырмалы-тарихи зерттеу үшін қолданылады. Ол тек бір топқа жататын діндердің ұқсастығы мен басқа топқа жататын діндерден айырмашылығын ғана емес, сонымен қатар әртүрлі топтардағы діндердің арасындағы байланыстарды айқындауға мүмкіндік береді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап гуманитарлық білімдердің жеке саласы ретінде дінтану ғылымының қалыптаса бастаған кезінен бері адамзат тарихындағы діни сенім-нанымдар мен діндерді әртүрлі негізде жіктеу үрдісі жүзеге асырылып келеді. Нидерландық протестанттық теолог және дін тарихшысы Пьер Шантепи де ла Соссе «Діндер тарихы бойынша оқулық» еңбегінде төмендегі ойымен бөліседі: «Классификация тек неғұрлым маңызды белгілері негізінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ бір жағдайда маңызды болып есептелінетін белгі, басқалар үшін тек бағынышты мәнге ие, сондықтан әрдайым біртектіні бөлу және әртектіні біріктіру қауіпі бар. Оған қарамастан әрқашан жаңа зерттеулер және діндерді жаңа әдістемелік классификациялары жүргізіледі. Біз ең алдымен сондай сызбаның жалпы маңызын анықтауымыз қажет» [2, 204 б.]. Пьер Шантепи де ла Соссе осындай тұжырым жасай отырып, дінтану ғылымының қалыптасуына негіз болған философиялық таным, этнографиялық, филологиялық, лингвистикалық, мифологиялық зерттеу үрдістері ауқымында жүргізілген діндерді талдау негізінде пайда болған діндердің жіктелуін, яғни типологиясын қарастырады. Ол діндерді жай ғана бір территория мен уақыт аралығына байланысты біріктіру емес, діни үрдістің маңызды белгілерін қамтитын ғылыми классификацияның қажеттілігіне тоқтала отырып, діндердің генеалогиялық және морфологиялық классификациясының бар екендігін атап өтеді. Генеалогиялық классификация тіл туралы білім негізде дамиды. Бірақ бір тілдік топ ішінде әртүрлі діндер кездесуі мүмкін, сондықтан

осындай топтарға жататын діндерге тән белгілері нақты болмайды. Сондықтан ол ғылыми классификация үшін жеткіліксіз болады. Ал морфологиялық классификациялар құндылықты пайымдауларға негізделеді. Тек морфологиялық негіздерге сүйеніп діндер тарихын зерттеу де жеткіліксіз, өйткені әрбір дін өзінің біртіндеп даму барысында көптеген өзгерістерден өтеді, сондықтан ол діннің тұрақты орнын, белгісін дәл тауып көрсету қиын. Діндердің негізгі түрлері мен тармақтары әртүрлі тұрғыда қарастырылады. Ең алдымен жалған діндер мен ақиқат діндер деп бөлу ұсынылған. Одан кейін табиғи діндер мен аян беру діндері деген жіктеу жүргізілді. Сонымен қатар монотеистік және политеистік діндер деп топтастыру да жүзеге асырылған болатын. Осы типологиялардың барлығының да жеткіліксіз жақтары бар. Жалған және ақиқат діндер деген қай жағынан алса да шындыққа, объективті болмысқа сай келмейді. Табиғи діндер деген де нақты негізі жоқ жай ғана абстракция, ал монотеистік және политеистік діндер деп бөлу әртекті құбылыстарды біріктіреді және бұл дуалистік, генотеистік және атеистік діндер тыс қалып қалады. Жаратушы ұғымының діндерді жіктеуде өте маңызы екені сөзсіз. Бірақ ол классификация жасаудың ең басты негізі бола алмайды. Осы аталған жіктеу түрлерінен басқа да діндердің морфологиялық классификациялары бар. Олар әртүрлі көзқарастар негізінде жүзеге асырылады: идеялық мазмұны; діни ілімінің формасы; құлшылық ету және культтың сипатына байланысты; қандай да бір діннің уағыздайтын, жетуге ұмтылатын идеалына қатысты; діннің мемлекетке, ғылымға, өнерге, ізгілікке қатынасына байланысты. Сонымен, мифологиялық және догматтық діндер, не сезім, не ақыл-ой, ес немесе ерік басым болатын (рационалдық, эстетикалық, этикалық) діндер, діни сезім экстаз жағдайына дейін көтерілетін немесе бір қалыпта болатын, ондай сезім басылып тасталынатын немесе дамитын діндер, жалпы немесе жартылай моральды, әлемге оң немесе теріс (аскеттік) қатынасымен сипатталатын, өнердің әртүрлі саласында сырттай көрініс табатын діндер және т.б. да қарастырылады. Пьер Шантепи де ла Соссенің ойынша, жоғарыда аталған діндердің классификацияларының ішінде діндерді жеке және әмбебап-әлемдік, табиғи және моральді-ізгілікті деп жіктеу ең маңыздысы болып табылады [2, 205 б.]. Бір елдің діні мен әлемдік діндердің арасындағы айырмашылықты жіктеудің негізі ретінде қарастыруды алғаш рет неміс католиктік бағыттағы дін маманы Фон Дрей ұсынған болатын. Көптеген діндердің бір ұлт ауқымында шектелуі, ал буддизм, христиан және ислам діндерінің әртүрлі ұлттар арасында таралуы осы діндерді ерекше топ ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Әлемдік діндер мен олардың негізі болып табылатын ұлттық діндердің арақатынасын голландиялық реформаторлық бағыттағы дін маманы Авраам Кюнен жете зерттеген болатын. Бірақ бұл жіктеудің де өзіндік кемшіліктері бар: ұлттық дінді ұлт болу деңгейіне көтерілмеген ру-тайпалардың діндерінен ажырату қажет және ұлттық негізде емес, ортақ ілім мен заңнама тұрғысынан біріккен діни қауымдастықтардың діндерінен айырмашылығын да анықтау керек. Сонымен бірге осы жіктеу барысында не нақты территория, не ұлтқа байланысты анықталатын діндердің айырмашылығына мән берілмейді. Әлемдік діндерді топтастыруға байланысты да біраз қиындықтар туындайды. Әмбебаптық ұғымын не нақты, не сапалық тұрғыдан қарастыруға болады. Бірінші жағдайда, таралу ауқымы тұрғысынан алғанда, осы діндер бірдей деуге болады. Бірақ ұлттық шеңберден асқан, миссионерлік іс-әрекетпен айналысатын, таралу аймағы бірте-бірте кеңейіп жатқан басқа діни дәстүрлердің бар екені сөзсіз. Мысалы, иудаизм, қазіргі кезде бахаизм туралы айтуға болады.

Сонымен, Пьер Шантепи де ла Соссе діндердің тарихи түрлерін жіктеудің әртүрлі жолдарын қарастыра отырып, олардың ішінде неміс философы Гегель жүзеге асырған діндердің классификациясын маңызды деп атап өтеді, өйткені одан кейінгі жаңа жіктеулерден гегельдік жіктеменің әсерін көруге болады [2, 203 б.].

Неміс философы Г.Гегель өзінің көптеген еңбектерінде, атап айтқанда “Рух феноменологиясы”, “Философиялық ғылым энциклопедиясы”, “Тарих философиясы”, «Дін философиясы туралы лекциялар» атты шығармаларында діндерді зерттеуді жалпы Оның діндерді зерттеуі жалпы философиялық ұстанымдары негізінде жүргізіледі. Дін қандай да бір алдау мен сауатсыздықтың нәтижесі емес, ол объективті себептердің салдары, ал философияның міндеті осы себептерді тану және діни сенімнің ақиқат, саналы элементтерін анықтау және сол арқылы сенім мен білімді келістіру болып табылады. Гегельдің діни-философиялық тұжырымдамасында екі негізгі мәселе – дін ұғымының тарихилығы және рухтың шексіз және шекті көрінісінің арақатынасы қарастырылады.

Пьер Шантепи де ла Соссе «Діндер тарихы бойынша оқулық» еңбегінде Гегельдің идеяларын неміс философы Эдуард Фон Гартман, голландық діни қызметші және дін тарихшысы Корнелиус Петер Тиле, неміс философы, дінтанушы Герман Зибек ары қарай дамытты деп жазады. Ол аталған зертеушілер жасаған діндердің типологиясын сызбанұсқа түрінде көрсетеді: Фон Гартман:

Табиғатқа табынушылық (натурализм).

1. Табиғи генотеизм.

2. Антропологиялық (адамтанушылық) және рухтанған генотеизм.

а) Эстетикалық кемелдік (эллинизм).

ә) Пайдакүнемдік пен діннен алшақтау (римдік дін).

б) Трагедиялық-этикалық тереңдеушілік (германдықтар).

3. Теологиялық жүйеленген генотеизм.

а) Табиғи монизм (Мысыр).

ә) Жарым-жартылай табиғатқа табыну – натурализм (Парсы елі).

II. Супернатурализм.

1. Абстрактілік монизм діні немесе идеологиялық құтқару діні.

а) Акосмизм (брахманизм).

ә) Сөзсіз дара иллюзионизм (буддизм).

2. Теизм.

а) Қарабайыр монизм (пайғамбарлар).

ә) Заң діні немесе гетерономиялық дін (мозаизм, иудаизм, оған ислам да кіретін реформалар діндері).

б) Реалистік құтқару діні (мәсіхшілік-христианство).

Тиле:

I. Табиғи діндер.

1. Полизойлық натурализм (гипотетикалық).

2. Жартылай демондық-анимизм (жабайы діндер) билеген кездердегі магиялық діндер.

3. Табиғи немесе ұйымдасқан магиялық діндер. Хайуандық-адамдық политеизм.

а) Ұйымдаспаған (Жапонияның, дравидтердің, финдіктердің, Ертедегі Италия халықтарының, этрускілердің(?), ертедегі славяндардың діндері).

ә) Ұйымдасқан (Американың жартылай мәдениетті халықтарының, ертедегі қытайлардың мемлекеттік діні, мысырлықтардың діні).

4. Адам кейпіндегі тірі, бірақ табиғаттан тыс күші бар және жартылай этикалы тіршілік иелерін қастерлеу. Антропоморфтық көптәңірлік – политеизм (ведальық Үндістан, Ежелгі Парсы, кейінгі Вавилон және Ассирия діндері, семит мәдениетіне жататындардың, кельттердің, германдықтардың, галлдардың, гректер мен римдіктердің діндері).

II. Этикалық діндер (спиритуалдық – этикалық жаңалық діндері).

1. Заң мойындаған ұлттық діни қауымдық бірлік (даосизм, конфуциандық, брахманизм, джайнизм және иудаизм, соңғы екеуі енді екі тармаққа кіретін болады).

2. Әр жақты діни қауымдық бірліктер (буддизм – бұрқандық, христиандық – мәсіхтік және ислам ресми емес және заң мойындаған құрамдас бөліктерінде бұл жерге тек жартылай ғана енеді). Зибек:

Табиғи дін, этикалық бағытта емес, әлемдік келісім діні (төменгі мәдениеттер діні).

Салалары мен деңгейлері сан түрлі мораль діні (мексикандықтардың, перуліктердің, аккаддықтардың, қытайлардың, мысырлықтардың, үнділіктердің, парсылардың, германдықтардың, римдіктердің діні, ал бұл жерде ең жоғарғы сатыда гректердің діні тұр).

Мораль дінінің құтқарылу дініне ауысуын яһудиліктер іске асырды.

Құтқарылу діні – құтқарылу дүниеден біржақты бас тарту (буддизм) жолымен қол жететін дін.

Құтқарылудың позитивті діні – христиандық.

Мораль дініне қайта оралу – ислам діні [2, 210 б.].

Дінтану ғылымының дербес ғылым саласы ретінде қалыптасуына ықпал еткен ғалымдардың бірі М.Мюллер діндерді салыстырмалы лингвистикалық зерттеулер негізінде қарастырды. Ол лингвистика саласында қалыптасқан әдіснаманы қолдана отырып, өз заманындағы жалған және ақиқат діндер, табиғи діндер және аян діндері, политеистік, дуалистік және монотеистік деген діндерді жіктеудің үлгілерін қарастып, семиттік, арийлік және турандық тілдер тобына сәйкес келетін өзі қалыптастырған діндердің жаңа классификациясын ұсынған болатын.

XIX ғасырдағы философиялық және әлеуметтік ілімдердің ішінде діннің пайда болуы мен мәнін анықтауда өзіндік тұжырымдама қалыптастырған К.Маркс пен Ф.Энгельстың көзқарастары өздерінен кейінгі жеке-дара теория-марксизмнің негізін құрап, марксизм тұрғысында барлық діндерді екі негізгі типке -тапсыз қоғамдағы және таптық қоғамдағы діндер деп бөлуді жүзеге асырды. Сонымен қатар, К.Маркс пен Ф.Энгельс таптық қоғамдағы діннің басты белгісі оның таптық қанаудың идеологиялық құралы болуы деп қарастырса, таптық бөлінуге дейінгі қоғамда дін материалдық өндірістің дамуының белгілі бір деңгейінің идеялық көрнісі, алғашқы қауымдық құрылыс адамдарының өздерін қоршаған табиғи және қоғамдық орта алдындағы дәрменсіздігін білдіреді деп есептеген.

Ғасырлар тоғысында, яғни XIX-XX ғасырлар аралығында жеке пән ретінде пайда болған дін әлеуметтануы шеңберінде дінді әлеуметтік-мәдени элемент ретінде, оның әлеуметтік функциялары мен құрылымын анықтау тұрғысында діндердің типологиясы қалыптастырылды. Дін әлеуметтануы саласындағы зерттеушілер дін-адамның әлеуметтік өмірінің маңызды өлшемі болып табылады және оның өмір сүруінің әлеуметтік жағымен тікелей байланысты институт құрайды деп есептеді. Француз әлеуметтанушысы Э.Дюркгеймнің дінді әлеуметтік интеграцияның негізі ретінде қарастыруы, М.Вебердің дінді әлеуметтік өзгерістер факторы тұрғысынан анықтауы діндерді қоғамдағы атқаратын функцияларына байланысты жіктеуге мүмкіндік берді. М.Вебер идеалды типтер ұғымын пайдалана отырып, діндерді салыстырмалы –тарихи талдау барысында екі көрсеткіш- діни ілімге байланысты дін ұстаушының әрекеті және құтқарылуы негізінде діндердің өзіндік классификациясын жасады.

Американдық әлеуметтанушы Роберт Белла Т.Парсонстың құрылымдық функционализм теориясы негізінде діндердің эволюциялық ілімін қалыптастырды. Р.Белла діни символдар жүйелерінің дифференциациялау дәрежесіне байланысты бес кезеңнен тұратын діндер классификациясын ұсынды. Олар- қарапайым, архаикалық, тарихи, ерте замандық және қазіргі кезең діндері. Сонымен қатар, ол қазіргі кездегі американдық қоғамының діни ортасын сипаттау және ерекшелігін айқындау үшін ғылыми айналымға азаматтық дін ұғымын енгізді.

Қазіргі кездегі Қазақстандағы діни жағдай қазақ халқының ұлттық сана-сезімі мен өзіндік салт-дәстүрімен біте қайнасып кеткен, тарихи қалыптасқан дәстүрлі діндермен қатар, жаңа діни ағымдардың кең тарауымен ерекшелінеді. Тәуелсіздік жылдарында белең алған осы құбылысқа байланысты қазақстандық дінтану ғылымында жан-жақты зерттеулер жүргізілуде. Солардың ішінде сол жаңа діни ағымдарды белгілі-бір негіздер бойынша топтастыруға бағытталған зерттеу жұмыстары да қызығушылық тудырады. Ол зерттеулерде жаңа діндерді жіктеу сол діндердің шығу негізіне, генезисіне байланысты жүзеге асырылған. Алайда, қазіргі кездегі қоғамдағы діни жағдайдың ерекшелігінен діндерді әлеуметтік институт ретінде қарастыру тұрғысында жаңа діни ағымдарды жіктеу мәселесі туындайды. Жаңа діндерді қоғамда атқаратын әлеуметтік функцияларына қарай топтастыру мемлекет ауқымында діндердің әрекеті мен қызметін реттеуге, бағалауға байланысты нақты ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, әлемде діни сенімдердің көптүрлілігі және уақыт өткен сайын жаңа универсалды, синкретті сипаттағы діндер мен діни ағымдардың пайда болуы дінтану ғылымы шеңберінде діндердің типология мәселесі әлі де өзекті екенін көрсетеді. Қазақстан қоғамындағы нақты діни жағдай осы мәселенің теориялық маңыздылығын айқындайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Мюллер М. Введение в науку о религии // Классики мирового религиоведения. Москва, 1996, т.1. 496 с.
2. Пьер Шантепи де ла Соссе Учебник по истории религии, Классики мирового религиоведения, Москва, 1996, т.1. 496 с.

МРНТИ 01.1031

Султанова Ф.М.

к.и.н., доцент КазНПУ им.Абая

КОНФУЦИАНСТВО КАК РЕЛИГИЯ

Аңдатпа

Осы мақалада дінтанулық ғылым тұрғысынан конфуцийлікке талдау жасалынды. Ежелгі қытай философы Конфуцийдің ілімінің діни негізі туралы мәселе осы уақытқа дейін даулы болып келеді. Көптеген ғалымдар ұзақ уақытқа дейін конфуцийліктің дін деп аталу құқығынан бас тарты. Қазіргі заманғы ғалымдар мен ойшылдар, керісінше ой білдіреді, сондай-ақ осы мақалада олардың саналады көзқарастары және айғақтары берілуде. Тарихи жиырмасыншы және жиырма бірінші ғасырдың басында қытай ойшылдарының конфуцианизмді жаңа діни көзқараспен түсіндіреді. Ол құрғылықты (Қытай) және шетелдік (т.б. Гонконг, Тайвань, АҚШ) деп бөлініп, осы екі дәстүр ішінде жүзеге

асырылады. Мұндай бөлу географиялық және идеологиялық көші-қон процестерінің әсерінен қытай өркениетінің әр түрлі локусы бойынша қалыптастыруына байланысты. Ұсынылған зерттеу қазіргі заманғы конфуциандық ой шетелдік үрдістердің негізгі ұғымдарды, сондай-ақ қазіргі заманғы Қытайда Конфуций мағынасы ретінде өз көзқарасын қалыптастырады. Шетелдік конфуцийлік ойшылдар, құрлықтық Қытайда зиялы, дәстүрлі конфуцийлік идеялар тығыз байланысты. Бұл сала батыс мәдениетінің, батыстық философияның және діни ойлардың әсерінен дамиды.

Түйінді сөздер: конфуцийлік ілім, қытай өркениеті, дәстүрлі мәдениет, мемлекеттік дін, Қытай мемлекеттік идеологиясы, қазіргі заманғы қытай қоғамы, дәстүрлі және қазіргі заманғы.

В данной статье проведен анализ конфуцианства с позиции религиоведческой науки. До сих пор спорным оставался вопрос о религиозном основании учения древнекитайского философа Кон-фуцзы. Многие ученые на протяжении длительного времени отказывали конфуцианству в праве называться религией. Современные ученые и мыслители приводят много доказательств обратного, точки зрения которых также рассмотрены при работе над данной статьей. Исторически сложилось так, что осмысление конфуцианства китайскими мыслителями в XX – начале XXI вв. осуществляется в рамках двух традиций, которые обозначают как материковую (Китай) и зарубежную (Гонконг, Тайвань, США, др.). Такое деление обусловлено формированием под влиянием миграционных процессов географически и мировоззренчески различных локусов китайской цивилизации. В гуманитарной науке КНР появляется термин – материковое современное конфуцианство, предполагающее исследование и анализ основных концепций зарубежного направления современной конфуцианской мысли, а также формирование собственных взглядов относительно значения конфуцианства в современном Китае. Творчество зарубежных конфуцианских мыслителей, базирующееся на воззрениях своих предшественников – интеллектуалов материкового Китая, сохраняет тесную связь с традиционными конфуцианскими представлениями. Данная ветвь развивается при этом под влиянием западной культуры, западной философии и религиозной мысли.

Ключевые слова: конфуцианство, китайская цивилизация, традиционная культура, государственная религия, государственная идеология Китая, современное китайское общество, традиционное и современное.

Аннотация

В данной статье проведен анализ конфуцианства с позиции религиоведческой науки. До сих пор спорным оставался вопрос о религиозном основании учения древнекитайского философа Кон-фуцзы, многие ученые на протяжении длительного времени отказывали конфуцианству в праве называться религией. Современные ученые и мыслители приводят много доказательств обратного, точки зрения которых также рассмотрены при работе над данной статьей.

Ключевые слова: конфуцианство, китайская цивилизация, традиционная культура, государственная религия, государственная идеология Китая, современное китайское общество, традиционное и современное.

Говоря о конфуцианстве как о религии, прежде всего нужно обратиться к толкованию китайской религии вообще. В толковом словаре Ожегова дается следующее определение религии: «одна из форм общественного сознания – совокупность духовных представлений, основывающихся на вере в сверхъестественные силы и существа, которые являются предметом поклонения» [1]. Обычно внешне религия опознается по наличию ритуала, поклонений, молений и культовых сооружений.

Но парадокс китайских религий заключается в том, что в традиционном Китае понятия «религия» с тем смыслом, которым закладываем в него мы, не существовало [2, с.15]. Хотя в настоящее время в любом современном китайском словаре можно найти, что китайская религия называется «цзунцзяо», но первоначально этот термин использовался для обозначения пришлых систем, например католицизма, протестантизма, а позже ислам и буддизм. Дословно «цзунцзяо» обозначает «учение предков».

Значительно шире распространен термин «цзяо», то есть «учение». Причем им обозначали практически все духовно-философские течения Китая: и конфуцианство, и даосизм, и разные философские школы. Единство термина показывает, что в умах самих китайцев никакого разделения на «религию» и «философию» никогда не существовало [2, с.15].

По определению советского и российского философа и социолога, специалиста по философии религии, социологии религии В.И.Гараджа китайские религии — религии порядка и достойной жизни [3, с.71].

Многие особенности религиозной жизни Китая были заложены в глубокой древности. В долине

реки Хуанхэ уже в середине второго тысячелетия до н. э. древние китайские народности почитали многих богов — духов, которым приносили жертвы. Верховным божеством был Шанди, одновременно — легендарный родоначальник иньцев, их предок-тотем. Со временем на первый план выдвинулось отношение к Шанди как первоначальному, который прежде всего должен заботиться о благосостоянии своего народа. Это обстоятельство сыграло огромную роль. Оно привело, с одной стороны, к тому, что основой основ религиозных систем Китая стал культ предков и опора на традицию, а с другой — к усилению рационального начала: не раствориться в абсолюте, а научиться достойно жить в соответствии с принятой нормой, жить, ценя саму жизнь, а не ради грядущего спасения, обретения блаженства в другом мире.

Еще одна особенность религий в Поднебесной — это социально малозначимая роль жречества, духовенства. В Китае никогда не было ничего похожего на брахманов. Функции жрецов часто выполняли чиновники, которые были уважаемым и привилегированным сословием, и культовые отправления в честь Неба, божеств, духов, предков не были главным в их деятельности. Обряд гадания, который был главным моментом в ритуальном общении с божественными предками во главе с Шанди и сопровождался жертвоприношениями, рассматривался как дело государственного значения. Гадатели должны были быть людьми, причастными к власти.

Со временем, в I тысячелетии до н. э., когда утвердилась династия Чжоу, культ Неба вытеснил Шанди как верховное божество, но сам культ Шанди и предков сохранился. Китайский правитель стал сыном Неба, а его страна стала именоваться Поднебесной. Культ Неба стал главным в Китае, а его отправление в полном виде — прерогативой самого правителя, сына Неба, выполнявшего свой сыновний долг и воздававшего небесному отцу, хранителю мирового порядка, необходимые почести.

В отличие от других религий, в китайской мы обнаруживаем не связь человека с богом, опосредованную фигурой жреца, а общество, основанное на добродетели, перед Небом как символом высшего порядка [3, с.72].

В середине первого тысячелетия до н. э. происходит резкий поворот в истории развития Китая. В этот период начинается обновление религиозной жизни, связанное с деятельностью Кон-фуцзы и Лао-цзы. Возникают две китайские религии, существенно различающиеся между собой. Так, конфуцианство было этически направленным учением, а даосизм тяготел к мистике.

Главным объектом конфуцианского культа были духи предков. Кон-фуцзы сам добросовестно исполнял религиозные обряды и учил неуклонному их исполнению. Обряды совершались не ради снискания милости, а потому, что исполнение их было «справедливо и прилично человеку».

Строгое соблюдение обрядов — это главное правило жизни, опора всего существующего порядка. Сыновняя почтительность и почитание предков — главнейшая обязанность человека.

На протяжении более двух тысяч лет учение Мудреца Кон-фуцзы было официальной идеологией Китайской империи, а также более пятисот лет официальной идеологией Кореи. Это единственное учение чисто китайского происхождения, которое получило значительное распространение за пределами Китая, прежде всего в Корее, Японии и Вьетнаме. В настоящее время оно имеет миллионы последователей в различных странах Азии.

Но многие отказывают конфуцианству в праве называться религией. Всё, что ассоциируется обычно со сферой религиозного — это сказания о Боге или богах, духах, рассуждения о посмертной участи души и загробном мире и т.д. Все перечисленное находится на периферии в рассуждениях Кон-фуцзы, который больше высказывался о нравственных и социальных вопросах.

Древнекитайский Мудрец не начинал создавать своё учение «с чистого листа». Напротив, он всегда обращался к древности и подчёркивал, что проповедует мудрость, дошедшую из глубокой древности. Поэтому он воспринял тот комплекс религиозных представлений, который дошёл до него от предков. В этих представлениях можно выделить три элемента: китайцы издревле почитали Небо (Тянь), почитали духов и почитали души умерших предков.

Древнейшие китайские надписи, сохранившиеся на гадательных костях, содержат обращения к Шанди, или «Верховному владыке». Так китайцы называли самого главного Бога, от которого зависело всё в мире, но кроме него они признавали существование низших богов и духов, которые, как и люди, были подчинены воле Шанди.

Также китайцы с древности употребляли понятие Тянь, когда говорили о верховном Боге. Стоит отметить, что не только у китайцев, но и у некоторых других народов Всевышний Бог именовался «Небом». С Небом в Китае тесно связаны два понятия: «мин» — воля Неба, и «тян-мин» — дарованное

Небом право на царствование. Через мин и тян-мин Небо действует в мире людей. Всё происходящее в жизни человека – здоровье, болезнь, богатство, нищета и т.д., – совершается в соответствии с мин. Добродетельный правитель получает тян-мин, и его царствование протекает благополучно, если же он или кто-то из его преемников становится порочным и перестаёт заботиться о подданных, то лишается тян-мин, в стране происходят беспорядки, и его свергают. Именно такое положение существует в конфуцианстве. Именно с почитанием божественного Неба связано то, что свою страну китайцы стали именовать «Поднебесная», а своего правителя – «сын Неба».

Среди низших божеств особо почитался дух Земли. Посвящённые ему алтари имелись как при дворе правителей, так и в каждой деревне. К нему часто обращались с мольбами об успешном урожае. Другим особо почитаемым духам также устраивали капища или алтари.

Огромное значение для китайцев имел культ душ или духов умерших, особенно великих предков. Китайцы верили, что у каждого человека есть две души – материальная, которая появляется в момент зачатия, и духовная, которая входит в младенца после рождения. После смерти человека материальная душа отправлялась в преисподнюю, а духовная – на небо. Хотя позже просвещенные конфуцианцы считали, что после смерти душа вообще испаряется, развеивается в воздухе или распадается каким-то иным образом. Учение опиралось на мнение, что бога не следует понимать антропоморфно, но все же он является бесформенным флюидом. В него вновь превращается сущностно схожий с ним дух человека в случае смерти. А смерть понималась как «угасание» индивида.

И все же ритуалы остались неизменными. Обязанностью родственников считалась забота о загробном состоянии душ предков. По представлению китайцев, души предков могли влиять на жизнь своих потомков. Например, в книге Быкова Ф.С. «Зарождение политической и философской мысли в Китае» говорится про древнейшую династию так: «Иньцы почитали духов и руководили народом с помощью служения духам» [4, с. 33.]. В хрониках последующей династии Чжоу также можно встретить записи о явлении духа предка, дающего советы или делающего выговоры. Как бы мистически это ни звучало, но мы не можем не брать во внимание тот факт, что китайцы того времени все-таки верили в потусторонние силы и оставили письменные заметки об этом.

Жертвоприношения считались главным проявлением «заботы» об умерших. У китайцев в домах имелись особые места с табличками, на которых были написаны имена предков. Перед ними кланялись и возжигали курительные свечи, а в определённые дни совершали жертвоприношения из различных напитков и яств. Перед этими табличками глава дома рассказывал о наиболее значимых семейных событиях, им же представляли невесту сына или внука. К этим табличкам относились так, как если бы в них обитала душа умершего.

(Итак, все эти три элемента – культ Неба, культ духов и культ душ умерших – нашли своё место в конфуцианском учении.

Например, типично языческий обряд «кормления» душ умерших приводится среди рекомендаций Кон-фуцзы: «Когда [родители] умрут, [надлежит] похоронить их в соответствии с ритуалом и приносить им жертвы» [5, гл. 2,5], также говорится о том, что следует почитать духов [5, гл. 6,20], неоднократно упоминается о необходимости познавать и чтить волю Неба [5, гл. 16,8].

Для Кон-фуцзы это были не отвлечённые предписания для других. Сообщается, что он «приносил жертвы предкам так, словно они были живые; приносил жертвы духам так, словно они были перед ним» [5, гл. 3,12]. А однажды, когда Мудрец серьёзно заболел, ученик «просил его обратиться с молитвой к духам. Учитель спросил: "Делается ли это?" Цзы-лу сказал: "Делается. В молитве говорится: Обратись с молитвой к духам неба и земли". Учитель сказал: "Я уже давно обращаюсь с молитвой к духам"» [5, гл. 7,36]. Это тоже в определенной степени является свидетельством религиозности Учителя.

Также уместно вспомнить, что в качестве одной из основных вех своей жизни Кон-фуцзы указывал: «В пятьдесят лет я познал волю Неба» [5, гл. 2,4].

Итак, Учитель Кун воспринял и культ Неба, и культ духов, и культ предков, однако отношение к этим трём составляющим у него было неодинаковым. Сколь ни малочисленны его высказывания по собственно религиозным вопросам, но через них он сумел расставить особые акценты в традиционных китайских верованиях.

Кон-фуцзы одобрял и поощрял ритуалы, связанные принесением жертв душам умерших. Для него это было одним из выражений добродетели сыновней почтительности. Но он ограничил эту религиозную практику только родственниками самого человека, заявив, что "приносить жертвы духам не своих предков – проявление лести" [5, гл. 2,23].

При этом, Мудрец не только признавал обряды, посвящённые духам, но и сам участвовал в них. Целый

ряд его высказываний направлен на то, чтобы отвлечь внимание своих учеников от мира духов и общения с ними. По его словам, мудрость состоит в том, чтобы, «почитая духов, держаться от них подальше» [5, гл. 6,20]. Даже то самое высказывание, которое обычно приводят как подтверждение безрелигиозности Мудреца – «Не научившись служить людям, можно ли служить духам?» [5, гл. 11,11] – в действительности касается не религии вообще, а конкретно практики почитания духов.

Нигде среди высказываний Кон-фуцзы не встречается подобных утверждений по отношению к Небу. Напротив, он старался утвердить в них почитание Неба.

Именно с этим он увязывал достижение провозглашённого им идеала благородного мужа: «Не зная воли Неба, нельзя стать благородным мужем» [5, гл. 20,3]. «Благородный муж... боится веления Неба... Низкий человек не знает веления Неба и не боится его» [5, гл. 16,8]. Свои поступки он соотносил с этим высшим мерилем – Небом. Поэтому, например, услышав упрек за то, что нанёс визит лицу с сомнительной репутацией, Кон-фуцзы ответил: «Если я поступаю неправильно, Небо отвергнет меня!» [5, гл. 6,26]. Следовательно, можно сделать вывод, что Учитель Кун соизмерял каждое свое действие с волей Неба, которому вверял себя и свою жизнь. Небо выступало в его понимании абсолютном, в то время как в других религиях им является Бог.

В книге «Древнекитайская философия» можно найти следующее: в книге "Шу цзин", главе «Цзюнь Ши», говорится, что государь получает от Неба право на правление, но может и лишиться его, как было с древними династиями, и тогда Небо «насылает несчастье» на страну. «Небо помогает тем, кто полагается на него», и вместе с тем «люди лишаются поддержки Неба потому, что оказываются не в состоянии продолжать почтительность и светлые добродетели предков». [6, с. 110]

Так что же именно понималось под «Небом»? Оно описывается как создавшее всё, управляющее всем, знающее всё, справедливое, наказывающее порок и вознаграждающее добродетель. Божественное Небо представлялось далёким и непостижимым – «вышнего Неба деянья неведомы нам, воле Небес не присущи ни запах, ни звук!» [7].

Китайцы знали о Всевышнем Боге не меньше, чем знают другие языческие народы. Конфуцианство подчеркнуло важность чувства почтения к Нему, но в главном характер отношения к Всевышнему Богу остался такой же, как и в язычестве «неписьменных» народов. Это почтение без живой связи с Богом, без ожидания отклика от Него, без искания такой связи, наконец, это голое чувство почтения без какого-либо практического поклонения. Простые конфуцианцы не совершали никаких обрядов, посвящённых Небу. Это было прерогативой императора. Каждый год он приносил жертву Небу на особом жертвеннике в форме круга. Со временем в китайской столице был построен Храм Неба, который сохранился до наших дней. А также это почитание, сочетающееся с признанием и низших божеств и духов. Например существовали четырехугольные жертвенники – дань духу земли.

